



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА – ЕЛДЕГІ ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӨЗЕГІ



Тарихи-дәстүрлі институт пен кеңесші диалогтың синтезі болып саналатын Ұлттық құрылтай толғақты мәселелер талқыға салынып, тегеурінді бастамалар көтерілетін бірегей алаңға айналды. Қызылордада өткен бесінші жиында Мемлекет басшысы елдегі саяси жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шешімін жариялап, елдің даму бағытындағы негізгі бағыт-бағдарды нақтылай түсті.

(Жалғасы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

– Бағатай Жүсінділлаұлы, сот саласында ұзақ жыл абыройлы еңбек етіп, құрметті доғарысқа шыққан ардагер судьясыз. Қазір адвокат ретінде азаматтарға құқықтық көмек беріп жүр екенсіз. Ендеше, соттағы күнделікті жаңалықтарға, ізденістер мен іркілістерге көңіл бөліп жүретінін шығарсыз?

– Әрине, барлық саналы ғұмырымыз, өміріміздің ең нәтижелі кездері сот жұмысымен байланысты болғандықтан, саланың тыныс-тіршілігіне үнемі көңіл бөліп, назар аударып отырамыз. Сот секілді маңызды құрылымда жылдар бойы қызмет етіп, еңбектің жемісін көріп, абыроймен зейнетке шығу да бір мәртебе. Мемлекеттік биліктің бір буыны саналатын сотта төрелік жасаудың жүрекке қаншалықты салмақ түсіретінін, көңілге қаншама кірбің салатынын әріптестерім өте жақсы білсе керек. Себебі, әрбір істің артында адам тағдыры тұрады. Сондықтан судьяның



Бағатай ИЗТАЙ,

Ақтөбе облысы сот ардагерлері кеңесінің төрағасы:

«ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ ЕКЕНІНДІ БІЛУ – ҮЛКЕН БАҚЫТ»

ешбір қателігі елеусіз қалмайды. Әр іске жауаптылықпен қарап, әр істі терең зерделейтін судьяларға қоғамның негізсіз сыны мен жіті бақылауының да әсері зор. Орынды айтылған пікір, негізді сын судьяны өсіретін, ширататыны рас. Ал тисе терекке, тимесе бұтаққа деп, болжаммен баға беретін азаматтардың сөзі судьялардың жүрегіне аз салмақ салмайды. Мұндайды бабаларымыз: «Ауыр істің салмағы білекке түсер. Ашы сөздің салмағы жүрекке түсер» деп дұрыс айтқан. Жауаптылықты терең сезінгендіктен болар, еліміздің түкпір-түкпірінде инфаркт, инсульт, қан қысымы секілді сырқаттарға шалдығып құрметті демалысына жетпей қалған әріптестеріміз қаншама! Осы тұрғыдан алғанда Жоғарғы Сот тарапынан судьялардың жүктемесін азайтып, жасанды интеллект, сандық технология көмегімен жұмысты оңтайландыруға қатысты бастамалардың қолға алынып жатқаны қуантады.

– Ардагер судьялар қоғам, сот тарапынан ескерусіз қалып жүрген жоқ па?

– Заң, құқық саласын жетік біліп, сот саласында бай тәжірибе жинағандықтан ардагер судьялар қоғамға, ортаға әрдайым керек. Өзіміз жылдар бойы қызмет еткен сот саласы да бізді сыйлап, жиындарға шақырып, пікір-ұсыныстарымызды сұрап тұрады. Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұловтың қолдауымен ардагер судьяларға арнап бір бөлменің берілгенін айта кеткен жөн. Соның арқасында Ақтөбе сотының ардагер судьяларының кеңесі сот ғимаратына жиі келіп, бас қосып, пікірлесіп, сот реформаларына үн қосып келеді.

– Ардагерлерді кейінгі буынның естен шығармай, елең-ескеріп отыраны жақсы екен. Ал зейнеттегі судьяларды қандай мәселе көбірек мазалайды?

(Жалғасы 2-бетте)

СҮХБАТ

Гүлнар ТЛЕПОВА,

Ақтөбе облыстық сотының судьясы:

«ӨЗІҢ ЖЕТІК БІЛЕТІН, ЖАҚСЫ КӨРЕТІН САЛАДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖЕҢІЛ»

– Судьялық қызметтің қаншалықты жауапты, қаншалықты ауыр екенін жұртшылық жақсы біледі. Осындай жүзі ауыр қызметті алып жүру өзіңіз секілді көпбалалы анаға қиын емес пе?

– Қазақтың ұлы ақыны Абай «Неге арналсан, соны істе» дейді. Сондай-ақ осы алып ақынның «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалам» деген тағылымды сөзінің жылдар бойы өмірлік жолыңды таңдауға көмектесетін сауатты бағдар екені сөзсіз. Шыны айтқанда, әр адам өз өмірінің суретшісі. Жақсы нәтижеге жетіп, абыройлы, табысты болудың басты формуласы – дұрыс жоспарлап, тынбай ізденуің мен еңбектенуің байланысты. Ал еңбек пен ізденіс мұратқа жеткізбей қоймайды. Оның үстіне, жүрегіңмен қалаған, көңіліңмен таңдаған мамандықтың қиындығы білінбейді. Өйткені өзің жетік білетін, терең түсінетін, жақсы көретін салада жұмыс істеу жеңіл. Судья болу, әділ төрелік ету – менің жан қалауым. Осындай мәртебелі қызметті талапқа сай атқаруымың артында отбасымың, жолдасым мен бес баламның көмегі мен қолдауы тұрғанын мақтанышып айта аламын.

– Судьялардың әр істі жүрегінен өткізіп барып шешім қабылдайтыны белгілі. Сондайда ішкі толқыныс, қобалжу, соттағы реніш отбасылық сыйластыққа салқынын тигізбей ме?

– Судья болуға шешім қабылдаған адам оның қауіпті мамандық екенін де, төрелік алаңында қаралатын әр іс жүрекке көп салмақ салатынын да жақсы біледі. Біліп тұрып осы саланы

таңдағандықтан, судья әдебінен аспауға тиіспіз. Әрине, біз де ет пен сүйектен жаралған пендеміз. Соның салдарынан кейбір қылмыстық істерді қарағанда іштей егілетін, толқитын, жанымыз жүдейтін кездер болады. Бірақ, оның бір де бірін былайғы жұрт сезбеуі, білмеуі керек. Көңіл-күйдің жетегінде кеткен судья ақиқаттан алыстайды. Судьяның басты қаруы – тек заң мен ар. Әр судья Фемида мүсінінде бейнеленгендей көзін байлап, көңіл-күйін ысырып қойып таразыны тең тартқызуы, тура төрелік жасауы шарт.

Әрбір судья күніне қаншама қылмыстық істі қарайды. Бірақ, жұмыс барысындағы жағымсыз әсер, өкпе-реніштің бәрі сол жұмыста қалуы керек. Себебі сен отбасында судья емес, ана, жар, қарапайым әйелсің. Шаңырақтың шаттығын, сыйластығын сақтау үшін әйел-судья жұбайына да ұдайы көңіл бөліп, балалардың да тәрбиесіне жіті назар аударғаны жөн. Сонда ғана судьяның қабылдаған сот актілерінің сапасы артып, отбасында тыныштық пен татулық салтанат құрады.

– Елімізде заңдар жиі өзгеріп, үнемі жаңғырып жатады. Сол заңдармен күнделікті жұмыс істейтін маман ретінде қылмыстық заңнамаға қандай өзгерістер енгізу керек деп ойлайсыз?

– Сот актілері сапалы болуы үшін судьялар үнемі заңдарды оқып, тәжірибесін барынша шындап, кәсіби ұдайы үнемі көтеріп отыруға тырысады. Ал заңдардың өзгеруі, толықтырылуы қалыпты үрдіс. Оған қоғамның дамуы, азаматтардың талап-тілегі, елдегі статистикалық көрсеткіштер айтарлықтай ықпал етеді.

(Жалғасы 4-бетте)

2-БЕТ



Негізсіз баюға жол бермеудің құқықтық механизмін қалыптастыру өзекті

6-БЕТ



Қуатты мемлекет белсенді, сыни ойлай алатын қоғамға МҰҚТАЖ

8-БЕТ



Банкирдің өлімі

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Бағатай ІЗТАЙ,
Ақтөбе облысы сот ардагерлері кеңесінің
төрағасы:

**«ҚОҒАМҒА ҚАЗЕТ
ЕКЕНІҢДІ БІЛУ –
ҮЛКЕН БАҚЫТ»**

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Әрине, ардагерлер қауымы ізінен ерген жастар мерекеледе құттықтап, жылы сөздерін арнаса да, өздері қиналған істер бойынша кеңес сұраса да мәз болып қалады. Жастарға, қоғамға қажет екенінді білу дегенің үлкен бақыт. Десек те, ардагерлерді алаңдататын, шешімін күтіп жүрген мәселе аз емес.

Өмірінің мәнді, маңызды жылын сот саласына арнап, судьялық лауазымда қажырлы еңбек еткен, бүгінде құрметті демалыста жүрген ардагерлер қазіргідей заманауи, кең, салтанатты ғимараттарда, кондиционер орнатылған жайлы кабинеттерде, соңғы үлгідегі ақпараттық жүйелермен жабдықталған компьютерлерде жұмыс істеген жок. Олардың бәрі қағаз-қалам тапшы тұста барлық керекті өз қаржысына сатып алып, тар бөлмеде бірнеше судья қатар отырып еңбек етті. Сот құжаттарын да қолмен жазып, барлық жұмысқа үлгеру үшін күн-түн демей еңбектенуге мәжбүр болды. Сол кезеңдегі қажырлы қызметтің салдары жас ұлғайғанда денсаулыққа әсер етпей қоймады. Бүгінде көптеген ардагерлер тегін медициналық көмекке зәру, ал нарықтағы жылдан-жылға қымбаттап жатқан қызметтер олардың адымын аштырмай, пұшайман халге түсіріп отыр.

Елімізде Президент тапсырмасы бойынша алғаш рет сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделі енгізіліп, 2023 жылдан бастап рес-

Елімізде Президент тапсырмасы бойынша алғаш рет сот жүйесін қаржыландырудың жаңа моделі енгізіліп, 2023 жылдан бастап республикалық бюджеттен сот жүйесіне кепілдендірілген 6,5 пайыз қаржыландыру бөлінгені белгілі. Бұл өзгеріске ардагерлер ерекше қуанған еді. Алайда, бұл басталадан кейін де ардагерлердің жағдайы жақсарды деуге келмейді.

публикалық бюджеттен сот жүйесіне кепілдендірілген 6,5 пайыз қаржыландыру бөлінгені белгілі. Бұл өзгеріске ардагерлер ерекше қуанған еді. Алайда, бұл басталадан кейін де ардагерлердің жағдайы жақсарды деуге келмейді. Судьялар қауымдастығы арқылы бөлінетін аталған қаражат есебінен ардагерлерге тегін медициналық қызмет көрсету немесе жылына кем дегенде бір рет санаторийлік емдеуге жолдама беріледі деген үміт әзірге орындалмай келеді.

Сонымен қатар, қаржы бөлу кезінде әділдік сақталмай отырғанын Жоғарғы Сот судьялары мен жергілікті сот судьяларының жауапқа болады. Бұл – ардагерлер арасында «Аспаннан киіз жауса да, кедейге ұлтарак тимейді» деген түйткілді ой тудырады.



Ал отставкадағы судьялардың зейнетақысы күнкорінісіне жете ме?

– Соңғы жылдары көптеген судьялар денсаулық, отбасы және өзге де себептермен конституциялық заңда белгіленген жасы мен қызмет өтіліне жетпей отставкаға кетуге мәжбүр болуда. Алайда оларға бір жолғы жердемақыдан өзге ешқандай жеңілдік қарастырылмаған. Сондықтан, судья отставкаға шыққан күннен бастап өмір бойғы қамтылым төлемін енгізу туралы конституциялық заңға өзгеріс енгізу өзекті.

«Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заң бойынша отставкадағы судьялардың мәртебесі қызметтегі судьялардың мәртебесімен теңестірілген. Олар зейнеткер болып табылмайды. Сондықтан олардың әлеуметтік жағдайы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңмен реттелуге жатпайды. Бұл мемлекетіміздің судьяларға ерекше мәртебе беріп отырғандығын білдіреді.

– Ой бөліскеніңізге рақмет!

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ШҚІР

**ҚАЗАҚ ТІЛІ –
ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ**

Ұлттық тәрбиенің бірден-бір қайнар көзі – ана тілі. Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығының, ұлттық болмысының, салт-дәстүрі мен мәдениетінің айнасы. Ол – ұлттың жаны, жүрегі, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан асыл мұра. Қазақ тілін меңгеру арқылы жас ұрпақ өз халқының тарихын, мәдениетін, дүниетанымын терең түсініп, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.



Айгүл МАЛАЕВА,
Ақтөбе қаласы
№3 сотының судьясы

Ұлттық тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің жиынтығы. Ол ұрпақты елін, жерін, тілін, дінін, салт-дәстүрін құрметтеуге, адамгершілікке, патриотизмге тәрбиелейді. Бұл тәрбиенің өзегі – ана тілі, қазақ тілін меңгеру арқылы бала халқымыздың бай ауыз әдебиетімен, мақал-мәтелдерімен, шешендік сөздерімен танысып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді.

Тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол халықтың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі мен дүниетанымының көрінісі. Сондықтан да, ана тіліміз ұлттық тәрбиенің негізі, ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа, ар-намысты биік ұстауға баулитын тәрбие құралы болып табылады. Мәселен, қазақ тіліндегі «қонақжайлылық, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет» сияқты ғұымдар халқымыздың менталитетін көрсетеді. Тілді меңгеру арқылы бала осы құндылықтарды түсініп ұлттық болмысын қалыптастырады.

Еліміздің мемлекеттік тілі – ұлттық бірліктің негізі. Ол түрлі ұлт өкілдерін біріктіретін, елдің тұтастығын қамтамасыз ететін құрал. Тілді меңгеру арқылы ұрпақ елін, жерін сүйетін, отанын қорғайтын азамат болып өседі. Сондықтан ана тілімізді ардақтап, оны ұрпақ бойына сіңіру – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

БАСТАМА

**ЦИФРЛАНДЫРУ АШЫҚТЫҚ
ПЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТЕДІ**

Қазіргі таңда цифрландыру қоғам өмірінің барлық саласына еніп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарып отыр. Соның ішінде сот жүйесін цифрландыру – құқықтық мемлекетті дамытудың, әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің және азаматтардың құқықтарын қорғаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Ең алдымен, сот жүйесін цифрландырудың басты маңызы – сотқа қолжетімділікті арттыру. Электронды сот сервистері арқылы азаматтар сотқа талап арыздарын онлайн түрде жолдай алады, іс қозғалысын қадағалайды, сот отырыстарының уақыты мен нәтижелері туралы ақпаратты қашықтан алады. Бұл әсіресе шалғай аймақтарда тұратын азаматтар үшін өте маңызды, себебі уақыт пен қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, цифрландыру ашықтық пен жариялылықты күшейтеді. Сот актілерінің электронды базада жариялануы, сот процестерінің дыбыс-бейнежазбаларының жүргізілуі қоғам тарапынан бақылауды арттырады. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, сот жүйесіне деген сенімді нығайтады.

Үшіншіден, сот процестерін автоматтандыру процесі уақытты қысқартады. Қағаз құжат айналымының азаюы, электронды хат алмасу, цифрлық мұрағаттар судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетеді. Нәтижесінде істер тезірек қаралып, сот шешімдері уақытылы қабылданады.

Төртіншіден, цифрландыру адам факторынан туындайтын қателіктерді азайтады. Электронды жүйелер арқылы құжаттарды тіркеу, істерді автоматты түрде бөлу, мерзімдерді бақылау соттағы субъективтілік пен техникалық қателердің алдын алады. Бұл сот шешімдерінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, сот жүйесін цифрландыру заманауи құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Азаматтар электронды сервистерді пайдалану арқылы өз құқықтарын қорғаудың жаңа тәсілдерін меңгереді, құқықтық сауаттылық деңгейі көтеріледі. Бұл құқықтық қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып саналады.

Дегенмен, цифрландыру процесінде белгілі бір қиындықтар да кездеседі. Мысалы, интернетке қолжетімділіктің тең болмауы, цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі, ақпараттық қауіпсіздік мәселелері. Сондықтан бұл бағытта техникалық инфрақұрылымды жетілдірумен қатар, халыққа түсіндіру жұмысын жүргізу және деректерді қорғау жүйесін күшейту қажет.

Қорытындылай келе, сот жүйесін цифрландыру – уақыт талабы. Ол сот төрелігінің тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады. Әділ, ашық және қолжетімді сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің берік негізі, ал цифрландыру сол мақсатқа жетудің маңызды құралы болып табылады.

С.ТҮРДЫБАЕВА,
Орал қаласы №2 соты әкімшісінің
бас маманы-сот отырысының хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САРАП

**НЕГІЗСІЗ БАЮҒА ЖОЛ БЕРМЕУДІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӨЗЕКТІ**



Ардақ СМАҒАМБЕТОВА,
ҚР Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы
Сот төрелігі академиясының магистранты

Конституция азаматтарға кең төменгі зейнетақы мөлшеріне, жасына байланысты, науқастанған, мүгедектігі, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздер бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға кепілдік береді.

Әлеуметтік қамсыздандыруды – мемлекеттің конституциялық кепілі ретінде ғана емес, әлеуметтік саясаттың негізі ретінде де қарастыра аламыз. Мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы саясатын жүргізу осы саладағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдірумен қатар жүзеге асырылып келеді және Мемлекет басшысының жолдауларында да көрініс тауып жүр.

Алайда, осы жүйедегі төлемдерді тағайындау, есептеу және беру процесінде түрлі се-

бептермен – азаматтардың қателігі, олардың теріс әрекеттері немесе уәкілетті органдардың әкімшілік қателері салдарынан – ақша қаражатының негізсіз баю түрінде берілуі орын алуда. 2023 жылғы 20 сәуірде қабылданған Әлеуметтік кодекс осы саладағы қатынастарды жаңа деңгейде реттей отырып, негізсіз төлемдерді қайтару мәселелеріне ерекше назар аудартады. Негізсіз баюдың құқықтық табиғатын талдау және оны өндіріп алудың тиімді механизмін қалыптастыру мемлекеттік бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету тұрғысынан өзекті болып табылады.

Егер бұрын негізсіз баю институты тек банк арқылы қате аударылған қаражатты қайтару үшін сирек қолданылса, қазіргі таңда сот тәжірибесінде мұндай талап қоюлардың саны қарқынды өсіп келе жатқанын байқауға болады. Негізсіз баю (кондикция) институты Азаматтық кодекстің 48-тарауында реттелген. Кодекстің 953-бабына сәйкес, біреудің есебінен заңда немесе мәміледе көзделмеген негіздер бойынша мүлік алған немесе жинақтаған тұлға оны қайтаруға міндетті.

Ал кодекстің 960-бабында көзделген жағдайға бұл талап қолданылмайтыны айтылған. Аталған баптың 3)-тармақшасында, азаматқа оның тарапынан теріс пиғыл болмаған жағдайда күнкөріске арналған қаражат ретінде (жалақы, авторлық сыйақы, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, зейнетақы, алименттер және т.б.) берілген және иемденуші пайдаланған ақша сомасы қайтарылуға жатпайтын негізсіз байлық ретінде көрсетілген.

Әлеуметтік төлемдердің негізсіз алынуының екі негізгі түрін ажыратып қарауға болады: Біріншісі, азаматтың теріс ниетінен туындаған негізсіз баю, яғни төлем алушының төлемге құқығын тоқтататын немесе өзгертетін мән-жайларды (мысалы, жұмысқа орналасу, мүгедектік тобының өзгеруі, асыраушысының қайтыс болуы) уәкілетті органға уақытылы хабарламауы немесе жалған, толық емес мәліметтер ұсынуы. Кодекс мұндай жағдайды төлемді өндіріп алудың тікелей негізі деп таниды, өйткені бұл жерде адалдық принципі бұзылады.

Екіншісі, уәкілетті органның қателігінен туындаған негізсіз төлемдер. Бұл жерде азамат-

тың кінәсі жок, бірақ орган есептеуде қателік жіберген немесе техникалық ақау салдарынан артық ақша аударылатын жағдайларды айтуымызға болады. Бұл жағдайда өндіріп алу мәселесі ҚР АҚ 960-бабының 3)-тармақшасына сәйкес реттелуі тиіс. Алайда, есептеудегі қарапайым қателік емес, нақты техникалық қателік орын алса, өндіріп алу жүргізілуі мүмкін.

Азаматтық істерді қарайтын соттардың өндірісінде қаралатын аталған санаттағы істер талап қоюшы ретінде мемлекеттік органның талап қоюлары бойынша көп жағдайда оңайлатылған тәртіппен қаралуда. Мәнінде, мұндай жағдайда азаматтардың өз уәжін толыққанды білдіру мүмкіндігі жеткіліксіз болып, олардың теріс пиғылсыз алған әлеуметтік төлемін қайтару мәселесі туындап отыр. Сондықтан, әділдік қағидаты негізінде мұндай теріс ниетсіз алған төлемдерді қайтаруды талап етуден бас тарту қажет деп санаймын.

Негізсіз баю туралы азаматтық істерді қарауда бірқатар мәселелер туындайды. Соттардың алдындағы негізгі міндет – төлем алушының адал емес әрекет еткенін немесе керісінше, тек мемлекеттік органның қателігіне байланысты артық ақша алғанын анықтау.

Негізсіз алынған төлемдерді өндіріп алу талабына Азаматтық кодексте белгіленген жалпы үш жылдық ескіру мерзімі қолданылады. Бұл мерзімді уәкілетті орган төлемнің негізсіздігі туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап есептеу сот тәжірибесінде қиындықтар туғызады. Көбінесе, органның ішкі тексеру актісінен кейін ғана мерзім басталады деп есептеледі, бұл мемлекеттік органға қолайлы.

Әлеуметтік төлемдер саласындағы негізсіз баю – мемлекеттік қаржыны қорғау мен азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті талап ететін күрделі құқықтық мәселе. Сондықтан мемлекеттік органдардың ақпарат алмасу жүйесін цифрлық интеграциялау арқылы қателіктердің алдын алу және азаматтардың адал ниетімен алған төлемдерін қайтаруды талап етуден бас тарту – сот төрелігінің әлеуметтік әділдік принципіне негізделіп қана қоймай, адал азаматтардың құқықтарын қорғауда сенімді тигізері сөзсіз.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА – ЕЛДЕГІ ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӨЗЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағдарының бірі – мәдениет пен өнер екенін атап өтті. Қоғамның санасы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейтінін айтып, руханият мәселелеріне айрықша мән берілетінін жеткізді.

«Биыл Қазақстанның келешегіне тікелей ықпал ететін аса маңызды жыл болады. Мен мұны жақында «Түркістан» газетіне берген сұхбатымда атап өттім. Еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр. Алдағы Парламенттік реформа осы өзгерістердің өзегі болатыны анық», – деген Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында көтерген бір палаталы Парламент қалыптастыру туралы бастамасы бойынша құрылған Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы талқылаған негізгі ұсыныстармен таныстырды. Оның біріншісі – болашақ Парламентке Құрылтай деген атаудың берілуі және ондағы мандат санының 145 болуы. Екіншісі – Конституциялық Соттың Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясының құрамы Парламенттің келісімімен ғана тағайындалуы.



Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҚАЗАҚҚА ҚАДІРІ БИИК

Алдыңғы құрылтайлардың Түркістан, Ұлытау, Атырау, Көкшетауда өткізілуінен – ел тарихына деген айрықша құрметті аңдаймыз. Міне, сол елдігіміз бен мемлекеттілігіміздің ұстанар бағыты мен бағдары айқындалар Құрылтай іс-шаралары, міне, Сырдың елі – жырдың елі, қасиетті Қызылордада жалғасын тауып отыр.

Президент еліміздің көптеген өңірлерін «таңбалы тастар мекені» деп атап, құнды тарихи ескерткіштерімізді көздің қарашығындай сақтауға, қорғауға шақырды. Бұл – Құрылтай көтерген басты мәселенің бірі. Жиында заң саласының адамы үшін маңызды мәселелер аз болған жоқ.

Президент сөзінен көңілге түйгеніміз, ел дамуында ілгерілеушілік көп. Ел экономикасы 6,5 пайызға өскен, шағын және орта бизнес салаларында жетістіктеріміз аз еместігі атап өтілді, елімізде адамның орташа жасы 75 жасқа дейін көтерілген, әрине, бұл қомақты табыстарға заң мен сот салаларының қосқан үлесі, игі ықпалы мол екендігі түсінікті. Ұлттық Құрылтайдың негізінде 26 заң қабылданған. Мұның бәрі халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартудан және ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуден тұтындайды.

Президент елдік мұрат мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталатынына назар аударды. Шынында да, елдік нышандарды өзіміз құрметтемесек, өзгелерден қалайша талап ете аламыз?! Таза Қазақстан деп жар салып жүреміз, сөйте тұра, тазалық деңгейін құлдыратып алып жатсақ – бұл да біздің қоғамымыз үшін ұяты аяқталса. Құрылтайда осындай мемлекеттік маңызы зор ауқымды мәселелерден бастап, қоғамда орын алып жататын тұрмыстық ұсақ-түйек мәселелерге дейін зор мән берілді.

Маған ел басшысының, әсіресе, тәуелсіздігіміздің баяндылығы турғысынан айтқан көзқарасы өте әсерлі естілді. «Тәуелсіздік дегеніміз, ең алдымен, ұлттық тәуелсіздік пен келісім, біз парасатты, дана халық ұрпағымыз, сондықтан, тарихи жаракат алған психологиядан арылуымыз керек, кешегі күннен өмір сүрмеу керек, уақыт көшінен қалмай, тек алға қарай жүруіміз қажет», – дей келе Президент өзгертін уақыт жеткенін, биыл дамудың жаңа кезеңі қолға алынса, бір палаталы Парламентке көшу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілетінін сөз етті.

Шынында да, ел басшысы айтса айтқандай, тәуелсіздік таңы атқалы бері, «тарихи жаракат алған» империя қол астындағы отаршылдық дәуірінің қысым-қиянаттарынан жиі сөз етуіміз қаншалықты дұрыс, өз қадір-қасиетімізді түсірушілік емес пе, қайта ел болған, асқақ болған дәуір рухын ояту, ұрпаққа жігер беру, кеудесінде намыс отын тұтатуымыз қажет емес пе деген ой келеді. Біздіңше, Президент өз сөзінде мұны жиі тілге тиек етіп, істерімен өнеге танытып, түзу жол нұсқап отырғандай.

Ал бірзандар бері құлақ үйреніп қалған «Парламент» ұғымын «Құрылтаймен» алмастыру да, біздіңше, көкейге қонады. Біріншіден, бұл қазаққа жағ сөз емес, ежелден қолданыста бар сөз және ұғым мен қолданысы сәйкес, түбірі – құру, құрылымнан шығып тұр ғой, демек, ел құру, кеңес құру мағынасына жақын болса, бұл сөзден шошыр жөніміз жоқ. Тәуелсіз ел болып, өз сонар-соқпағымызды іздесек, оның несі айып?!

Қазір қазақ халқының тарихи даму бұлағы көне дәуірлерде бастау алатындығына әлем елдері назар аударып отыр, қайта бағыл шешімдер қабылдауға, Президентіміз айтқандай, «тарихи жаракатты» жасқаншақ күйден арыла алмаймыз себебі болып отырғандай. Сондай-ақ, ел басшысының Қазақстанның халық кеңесі, Конституциямыздың заман талабына сай болуы, цифрландыру үдерісінің Ата Заңымыздан көрініс табуы, конституцияны реформалаудың жалпы сұлбасы туралы, ілгері уақытта болып, кейінірек қысқартылған «вице-президент» қызметін жандандыру туралы ұсынысы – елдік ұстаным бағыттарын танытатын маңызды шешімдер деп қабылдаймыз.

Президент өз баяндамасын «Мемлекет мүддесі, халықтың қамы – мен үшін ең үлкен маңызды мәселе» деп қорытса, біз Қызылордадағы Құрылтайдың төрінде қозғалған мәселелер арқылы, осыны шынайы қабылдап, сезіне алғанымызды жеткізіміз келеді.

С
І
З
Н
Е
Д
Е
Й
С
І
З
?

Ермұрат БАПИ, Мәжіліс депутаты:

– Құрылтайдың секциялық отырысында партияда жоқ азаматтар жөнінде мәселе көтерген едім. Партия арқылы сайлау – әлемдік үрдіс. Мажоритарлық сайлау тек жеке елдерде ғана бар. Бірақ өзінің еліңе, жеріңе, мемлекетіңнің дамуына, саяси өзгерістерге мүдделі болсаң, азаматтық парыздың саяси партиялар арқылы жүзеге асыруға міндеттісің. Өйткені жеке азамат өзінің саяси ойын саяси ұйымға бірігу арқылы жүзеге асыра алады. Мен өзін бір мандатты сайлау округінен сайланып тұрсам да, бұл жүйені қолдаймын. Өйткені бұл заман талабына сай қоғамдағы қажеттілік.

Азат ПЕРУАШОВ: «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Мәжілісеге фракция жетекшісі:

– Алтын орда мен Қазақ хандығының ізбасары ретінде Қазақстан Парламентінің атын Құрылтай деп ауыстыру дұрыс деп санаймын. Президенттің сөзінен кейін, әрине, қуанып жатырмын. Өте дұрыс. Бұл шешімнің тек заңдық емес, тарихи да негізі бар.

Пропорционалды сайлау Еуропа елдерінің көп басырған бері келе жатқан тәжірибесіне сүйене отырып қабылданған ұсыныс. Біздің партиямыз оны бұрыннан қолдап отыр. Бұл туралы мен сайлау жүйесінде өзгеріс енгізілген кезде бірнеше рет сұхбат берген. Өйткені пропорционалды сайлау партиялық институтты күшейтеді. Демократияда партиялық институттар керек. Өйткені нақты шешімге ықпал ету үшін сені қолдайтын әріптестерің болу керек. Парламенттегі шешімдер бір дауыспен емес, көпшіліктің дауысымен ғана қабылданады. Сол үшін партиялар керек. Егер біздің жүйеміз нақты шешімге арналса, біз пропорционалды жүйені таңдауымыз керек.

Әлихан БӘЙМЕНОВ, Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хабтың басқарушы комитетінің төрағасы:

– Бүгінгі айтылған ұсыныстар біздің саяси жүйенің орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бірінші жағынан, саяси партиялар әлем-

де жинақталған тәжірибе бойынша билікті қалыптастырудың басты тетігі болып дамуы керек. Бұл реформа оған серпін береді. Ол қажеттілік.

Екінші жағынан, Халық Кеңесінің құрылуы оған Ұлттық Құрылтай мен Ассамблеяның негізгі өкілеттіктерінің берілуі заман талабынан туындайды. Парламенттегі пікірталастар, бәсекелестік кейде ағымдық саясатты алға шығарады да, ұзақ мерзімді ұлттық мүдде тасада қалып қоюы мүмкін. Осындай кезеңде ағымдық саяси мәселеге қатысы жоқ, бірақ мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына байланысты ой-пікірі, ұсынысы бар топтардың Халық Кеңесі арқылы өз ұсыныстарын Президентке жеткізуге оңтайлы болар еді.

Еділ ЖАҢБЫРШИН, Мәжіліс депутаты:

– Бүгін көпшілік референдумның және сайлаудың қашан өтетінін жариялайды деп күтті. Бірақ мемлекеттегі қандай процесс болсын ол заңның аясында жасалу керек. Егер заңдық негіз болмайтын болса, қалай біз сайлау өткіземіз? Қазіргі Конституцияда Парламент екі палаталы деп жазулы тұр. Сол сияқты еліміздегі сайлау процесі әртүрлі. Мысалы, Мәжілістің өзі мажоритарлық және пропорционалды. Сенатты мажоритарлық сайлайды деген сияқты. Президенттің айтқаны біз бірінші Конституциялық комиссия құрамыз. Сол комиссия Конституциялық өзгерістерді енгізеді. Одан кейін өзге заңдарға өзгеріс енгізіп, тек содан кейін барып сайлауды өткізіміз керек.

Менің ойымша сайлау биыл өтетін сияқты. Әлбетте, мен де мажоритарлық жүйенің болғанын қалап едім. Бүгін Президенттің айтқан бір тың ойы болашақтағы Құрылтайға келе алмай қалатын өкілдер үшін құрылатын екінші мемлекеттік институт. Ол – Қазақстан Халық Кеңесі. Онда жергілікті мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, ҰЕҰ-лардың, этномәдени орталықтардың өкілдері Президенттің Жарлығымен бекіп, оларда заң шығару бастамасы болады.

Реформаға қатысты жұмыс тобының ұсыныстарын Президент өз жауапкершілігіне алып осы құрылымдарды құрғалы отыр. Онда қоғамдағы барлық тараптардың үні естілетін жүйе жасақталатын сияқты.

ыңдалуы. Бұған қоса, Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы Соттың барлық судьяларын сайлау құзыретін жоғары өкілді орган депутаттарына беру ұсынылды. Үшінші – Құрылтай депутаттары енді пропорционалды жүйе қағида-тымен сайланады. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы да алынып тасталады. Төртінші – Құрылтай депутаттары бес жылға сайланып, заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, соңында заңды қабылдайды.

«Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық Құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық Құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктеп отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚР Президентінің сөзіне қарағанда, Қазақстанның Халық Кеңесіне этномәдени орталықтардың – 42, ірі қоғамдық бірлестіктердің – 42, мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің – 42 өкілін қосу ұсынылды. Халық Кеңесінің барлық

мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

– Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы рөлін атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі, – деген Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Вице-президенті институтын құру және оны Конституцияда бекіту туралы ойымен бөлісті.

Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, Вице-президентті Мемлекет басшысы Парламент депутаттарының көпшілігінің келісімімен ала отырып тағайындайды. Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша: Халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді; Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді; Еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады; Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды. Сондай-ақ Қазіргі Парламент-

тің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылды. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады.

Мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент – Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу еліміздің дамуына зор серпін беріп, оның әлеуетін арттыра түсетініне сенетінін айтқан Президенттің пайымдауынша, бұл реформалар – 1995 жылы бекітілген үлгіден мүлде жаңа конституциялық үлгіге көшуді көздейді. Осы бастамалар жалпыхалықтық референдумда азаматтарымыз тарапынан қолдау тапқан жағдайда Қазақстанның мемлекеттілігі, еліміздің саяси жүйесі түбегейлі жаңғырып, еліміз жаңа тұрақтылық деңгейіне көтерілмек.

«Бастапқыда Парламенттік реформа аясында Ата Заңның 40-қа жуық бабын өзгерту жоспарланған еді. Алайда, жұмыс барысында түзетулер саны әлдеқайда көп екені белгілі болды. 2022 жылғы реформада Ата Заңның 33-бабы жаңартылған білесіздер. Ал ендігі өзгерістер одан да ауқымды. Біз, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасағалы тұрмыз. Сондықтан мен Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдадым. Комиссия құрамына 100-ден астам азамат кіреді. Оның ішінде Ұлттық Құрылтай мүшелері, белгілі заңгерлер, ақпарат құралдары басшылары, аймақтық мәслихат төрағалары мен қоғамдық кеңес өкілдері және басқа да білікті мамандар болады. Бұл жұмысқа Конституциялық Соттың төрағасы жетекшілік етеді. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, қорытып, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді. Содан соң жалпыхалықтық референдум өтетін уақытты белгілейміз», – деді Құрылтай жұмысын қорытындылаған Мемлекет басшысы.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
ҚЫЗЫЛОРДА

СУХБАТ



Гүлнар ТЛЕПОВА, Ақтөбе облыстық сотының судьясы:

«ӨЗІҢ ЖЕТІК БІЛЕТІН, ЖАҚСЫ КӨРЕТІН САЛАДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖЕҢІЛ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы заңдардың өміршең болуы, азаматтардың қажетіне жарауы сапалы дайындалуына байланысты. Теория жүзінде дұрыс, онтайлы көрінген заң талаптарының нақты тәжірибеде үмітті ақтамайтын кездері аз емес. Бұл әрине, заңдарды өзгертуге, толықтыруға алып келеді. Мысалы менің ойымша Қылмыстық кодекстің 74-бабын өзгерту кезек күттірмейді. Бұл баптың ата-ана мен бала арасындағы туыстық қарым-қатынасты сақтауға негізделгені даусыз.

Негізі осы баптың бұған дейінгі нұсқасында «жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған сотталған әйелдер мен жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот 5 жылға дейін, бірақ бала 14 жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыруы мүмкін» деп дәйектелген еді. Ал 2025 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңымен осы бапқа өзгерістер енгізілді.

Жаңа редакциядағы Қылмыстық кодекстің 74-бабы 1-бөлігіне сәйкес «жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған сотталған әйелдер мен жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот 5 жылға дейін, бірақ бала 14 жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдырады». Осы жердегі бір ғана «мүмкін» деген сөздің алынып тасталуы көп жағдайды өзгертіп отыр.

– Сонда енді соттар жас баласы бар азаматтардың жаза өтеу мерзімін кейінге қалдыруы міндетті ғой?

– Иә, заңнамадағы өзгеріске сәйкес, енді жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдер мен жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер-азаматтардың жазаны орындауын 5 жылға дейін, бірақ бала 14 жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыру соттың құқығы емес, міндеті болып табылады. Қылмыстық заңнамадағы бұл маңызды өзгерістер жазаны тағайындау кезінде адамгершілік қағидаттарын басшылыққа алуы, сондай-ақ баланың құқықтарын тиімді қорғауды мақсат еткені анық. Бірақ, бұл өзгерістің теріс әсері де бар.

Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді көздейтіні белгілі. Әрі жаза тағайындаудағы негізгі мақсат сотталған адамды түзеу, қоғамдағы жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу. Ал Қылмыстық кодекстің 74-бабына қатысты жаңа өзгеріс осы заңдық теңгерімге қайшы. Себебі, жазаны өтеуді кейінгі қалдыруға қатысты жеңілдікті жаппай қолдану – азаматтардың заңға, сотқа деген өкпе-ренішін тудыруы мүмкін.

– Бала мүддесі басты орынға қойылған заң бабы неге қоғамның көңілінен шықпайды деп ойлайсыз?

– Мысалы осы күні жиі кездесетін алаяқтық, қаржылық пирамидасы сияқты қылмыстарды алайық. Мұндай қылмыстардан қаншама адам қаржысын жоғалтып, шарасыз күй кешуде. Ал баласын жалғыз тәрбиелеп отырған азаматтар жеке адамдарға қарсы жасалған осындай қылмыстар бойынша жеңілдікке ие бола алады. Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруге дағдыланған жандар мұндай мүмкіндікті қалт жібермейді. Сәйкесінше олар жазаны өтеу уақытының кейінге қалдырылғанын пайдаланып, қылмыстық әрекеттерін қайталай беруі ғажап емес. Күні кеше өзін алдап істі болған жанның бүгін тағы біреулерді алдағанымен қоймай, алшаң басып бостандықта жүруі кімді болсын ашуландырады даусыз. Міне, резонансты істер

Заңнамадағы өзгеріске сәйкес, енді жас баласы бар немесе оны жалғыз тәрбиелеп отырған әйелдер мен ер-азаматтардың жазаны орындауын 5 жылға дейін, бірақ бала 14 жасқа толғаннан аспайтын мерзімге кейінге қалдыру соттың құқығы емес, міндеті болып табылады. Қылмыстық заңнамадағы бұл маңызды өзгерістер жазаны тағайындау кезінде адамгершілік қағидаттарын басшылыққа алуы, сондай-ақ баланың құқықтарын тиімді қорғауды мақсат еткені анық. Бірақ, бұл өзгерістің теріс әсері де бар.

осындайда пайда болады. Бұл жерде қарапайым халықтың заңның талаптарына үңіліп жатуы екіталай. Олар айналып келгенде сол заңның негізінде үкім кескен судьяларды жиналап, сот құрылымын сынайды. Сондықтан, заңдағы олқылықтарды қоғам назарына ұсынып, қозғау салғанымыз дұрыс. Осы ретте сотталған адамның іс-әрекетінде қылмыстардың қайталануы, қауіпті қайталануы орын алған жағдайда, жазаны өтеуін кейінге қалдыруға тыйым салынса, құқықтық әділдік орнар еді.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айнұр САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

БІТІМ

«МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕНІНЕ – 15 ЖЫЛ

Был «Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілгеніне 15 жыл болады. Осы аралықта бұл институт өзінің қоғамға көрек екенін толық дәлелдеді. Медиацияның бүгінгідей азаматтар ең жиі қолданатын рәсімдер санатына қосылып, білікті медиаторлардың көбеюіне аз еңбек пен қажыр-қайрат жұмсалған жоқ.

Бұл шын мәнінде он бес жыл бойы сот құрылымы тарапынан жүргізілген тынымсыз насихат жұмыстарының, кешенді ұйымдастыру шаралары мен сауатты құқықтық түсіндірудің нәтижесі десек шындықтан алыстамаймыз.

Себебі, заң алғаш қабылданғанда медиация институтының маңызы мен мәнін, түпкі мақсатын көпшілік түсіне қойған жоқ. Соның салдарынан медиаторларға деген сенім де біраз уақытқа дейін орныға қоймады. Осыған орай медиацияның қалай жұмыс істейтінін, тиімділігін, артықшылығын көрсету мақсатында шетелдегі озық нәтижелер таныстырылып, жұмысына енді кіріскен медиаторларды қолдау бойынша ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылды. Әкімдік, халыққа қызмет көрсету орталықтары мен сот ғимараттарында медиаторларға арнап бұрыштар жасакталап, арнайы бөлмелер дайындалды. Медиаторлардың тізімі жасалып, ол бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз жарияланып тұрды.

Осындай іргелі істердің арқасында соттарда алғашқы медиациялық келісімдер жасалды. Тәжірибе барысында медиативтік келісімге келуге ықпал ететін тетіктер жан-жақты зерделеніп, оны құқықтық тұрғыдан бекіту үшін Азаматтық процесстік кодекс толықтырылды.

Жалпы, бір қарағанда медиация қазақ танымына жат сөз секілді көрінгенмен, оның негізгі тамыры дала заңынан бастау алады. Себебі, қазақтың ежелгі құқықтық құжаттарының бәрі ел ішіндегі дауекестікті төмендетіп, қандай да бір келіспеушілікті татулықпен, бітіммен бітіруге бағытталған. Ағайын арасындағы дауды ортақ мәмілемен шешу, түрлі кикілжіңдерді бейбіт жолмен реттеу біздің би бабаларымыздан қалған тамаша үрдіс. Осы дала заңдарының пәрменімен дана халқымыз тентектерін түрмесіз-ақ түзеген. Ал қазақ даласында ғасырлар бойы қолданыста болған құқықтық дәстүрдің үзіліп қалмай, «Медиация туралы» заң арқылы бүгінге жетуі дауларды тиімді, жедел, ыңғайлы шешуге көмегін тигізіп отыр.

Айталық Маңғыстау облыстық сотында 2024 жылы 954 іс татуластыру тәртібі арқылы шешілсе, 2025 жылы 650 істе тараптар өзара татуласқан. 2024 жылы медиациямен келісімге келгендер саны 1626 болса, 2025 жылы 2087 іс медиациямен реттелген. Сондай-ақ 2024 жылы 8 іс партисипативтік келісім арқылы шешілсе, ал 2025 жылғы 4 істе қос тараптың адвокаты ортақ келісімге қолжеткізген.



Қазила САҒЫНДЫҚОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

Осылайша Маңғыстау соттары 54,5 пайызбен жалпы республика көлемінде орташа көрсеткішті көрсетіп отыр. Көрсеткіштердің көтерілгеніне қарамастан, маңызды институттың артықшылығын жұртқа түсіндіру, таныстыру жұмыстары бір сәт те тоқтамауы керек. Өйткені, медиацияны тәжірибеге енгізудің өзі қарапайым халықтың даулы істерін жедел, тиімді, онтайлы шешуге бағытталған.

Медиация институтының басты артықшылығы елдегі татулықты, ынтымақты сақтауымен байланыстырамыз жөн. Сондай-ақ, медиациялық келісім уақыт жағынан да ұтымды. Мұны дауды медиатордың, судья-татуластырушының, адвокаттың көмегімен шешкендер жақсы білсе керек. Себебі, дауды сот арқылы шешу көп уақытты қажет етеді. Сонымен бірге, сот процесі өткенде сот актісінің деркезінде орындаларына кепілдік жоқ. Ал медиациялық келісімде бажды қайтарып алуға мүмкіндік туып қана қоймай, қос тарап өз қалауымен ортақ келісімге келетіндіктен өзара бекітілген талаптың да орындалуы тез.

Сотта өз талабынның негізділігін растау үшін құжат жинайсың, ал медиатор көмегіне жүгінгендер қағазбастылықтан арылады. Өйткені, тараптар арасындағы келісім өзара сенімгерлік сипатында өтеді. Медиацияның құпияны сақтауға, жауаптылықты арттыруға көмектесетіні, жүйеге салмақ түсірмейтіні де негізгі артықшылығы болса керек. Міне, осындай артықшылықтар қарастырылған медиацияның өркендеуі, «Медиация туралы» заңның халық қызметіне жарауы өркениеттіліктің өлшемі, елдегі татулық пен бірлікті нығайтудың кепілі болып қала бермек.

«ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП»

Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты мемлекеттік басқару мен қоғамдық институттардың тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқықтарын қорғауды жаңа сапалық деңгейге шығаруға бағытталды. Осы үдерісте мемлекеттік тіл – қазақ тілінің сот ісін жүргізу мен сот жүйесіндегі рөлін күшейтуде ерекше маңызға ие.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, еліміздің «Тіл туралы» заңы, сондай-ақ тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының сабақтастығы ретінде іске асырылып жатқан жаңа стратегиялық құжаттар мемлекеттік тілдің барлық мемлекеттік органдарда толыққанды қолданылуын көздейді.

Әскери соттар үшін мемлекеттік тілді дамыту – тек заң талабы ғана емес, ол мемлекет жүргізіп отырған «Заң және тәртіп» қағидатын іске асырумен тікелей байланысты, әскери қызметтің рухы мен тәртібін нығайтатын маңызды фактор. Бүгінгі таңда сот жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі мемлекеттік тілдің үлесін арттыру, «Заң және тәртіп» қағидаты мен сот төрелігінің қолжетімділігін қарастыратын жұмыстарды қарқынды ұйымдастырумен өзектес.

Сот төрелігі азамат үшін түсінікті

әрі қолжетімді болуы тиіс. Сот процесінің тілі – осы қолжетімділіктің негізгі өлшемдерінің бірі. Мемлекеттік тілде жүргізілетін сот ісі тараптарға өз ұстанымын еркін жеткізуге, дәлелдерін толық ұсынуға және қабылданған сот актісінің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді.

2026 жылғы сот жүйесінің алдында тұрған міндет – мемлекеттік тілді қолдануды формальды құқық ретінде ғана емес, нақты және басым тәжірибе ретінде орнықтыру. Бұл бағытта:

- сот істерін бастапқы кезеңнен мемлекеттік тілде қозғау;
- сот отырыстарын қазақ тілінде жүргізу үлесін арттыру;
- сот актілерін, қаулылар мен үкімдерді мемлекеттік тілде сапалы әзірлеу – негізгі басымдықтар болып табылады.

Мемлекеттік тіл саясаты ұлттық даму жоспарлары мен құқықтық саясат

ӘСКЕРИ ОРТАДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТӘРБИЕЛІК МӘНГЕ ИЕ

тұжырымдамаларымен тығыз байланысты. Бұл құжаттарда:

- мемлекеттік қызметтің тілдік стандарттарын жетілдіру;
- кәсіби салаға бейімделген тілдік құзыреттерді дамыту;
- ресми құжаттардың сапасын арттыру міндеттерін айқындау.

Сот жүйесінде бұл міндеттер іс жүргізу тіліне, сот құжаттарының мазмұны мен сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан соттарда қазақ тіліндегі құқықтық терминологияны біріздендіру, үлгілік процессуалдық құжаттарды жетілдіру және оларды күнделікті тәжірибеде қолдану – өзекті бағыт болып қала береді.

Әскери соттар ерекше құқықтық кеңістікте жұмыс істейді. Әскери қызмет – тәртіпке, заңдылыққа және мемлекетке адал қызмет етуге негізделген. Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік тіл әскери ортада біріктіруші әрі тәрбиелік мәнге ие.

Әскери соттарда мемлекеттік тілді қолданылуын кеңейту: - әскери қызметшілердің құқықтық санасын арттырады;

- сот билігінің беделін күшейтеді;
- әскери тәртіп пен заңдылықты нығайтады.

Сот отырыстарында, үкімдер мен қаулыларда мемлекеттік тілдің сапалы қолданылуы әскери қызметшілер үшін құқықтық талаптардың айқындығын қамтамасыз етеді және сот шешімдерінің орындалуына оң ықпал етеді. Мемлекеттік тілді дамытудағы басты фактор – адам ресурсы. Судья мен сот әкімшілігі, сот әкімшісінің мамандары мен мемлекеттік қызметкерлер қазақ тілін тұрмыстық деңгейде ғана емес, кәсіби-құқықтық деңгейде меңгеруі тиіс.

Ол үшін судьялар мен сот қызметкерлеріне тілді мақсатты түрде оқыту; құқықтық мәтіндерді қазақ тілінде сауатты жазу дағдыларын дамыту; әскери-құқықтық терминологияны жүйелеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Сот билігінің ашықтығы мен қоғам алдындағы жауапкершілігі тіл арқылы да көрініс табады. Мемлекеттік тілде сөйлейтін және жазатын сот – мемлекетпен, әскермен және қоғаммен бір тілде сөйлейтін сот болуы тиіс. Бұл

тұрғыда сот жүйесінің міндеті – мемлекеттік тілді қолдануды сандық көрсеткішпен ғана емес, сапалық мазмұнмен өлшеу. Бұл сот актілерінің дәлдігіне, құқықтық уәждердің айқындығына және құқық қолдану тәжірибесінің біркелкілігіне тікелей байланысты.

«Заң және тәртіп» қағидаты сот, құқықтық орган жүйесінің қызметін айқындайтын негізгі бағдардың бірі болып табылады. Осы қағидатты іс жүзінде қамтамасыз етуде мемлекеттік тілдің рөлі ерекше. Мемлекеттік тілдің сот ісін жүргізудегі үлесін арттыру – уақыт талабы және стратегиялық міндет. Әскери соттар үшін бұл бағыт мемлекеттік тәртіпті, заңдылықты және әскери қызметтің мәнін нығайтудың маңызды тетігі болып табылады.

2026 жылғы сот жүйесі үшін қазақ тілінің толыққанды әрі сапалы қолданылуы – әділ сот төрелігінің, азаматтардың құқықтарын қорғаудың және құқықтық мемлекетті дамытудың ажырамас бөлігі.

Нариман САДЫРҚҰЛОВ,
Алматы гарнизоны
Әскери сотының төрағасы

ДЕПУТАТ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ

Жанарбек ӘШІМЖАН, Парламент Мәжілісінің депутаты:

ЖОЛ САПАСЫНА ЖҮЙЕЛІ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Елімізде жол сапасын мемлекеттік деңгейде бақылау жеткіліксіз, ал кей жағдайларда мердігерлер мен жауапты органдар жауапкершілігі қағаз жүзінде қалып отыр. Осының салдарынан жол-көлік оқиғалары көбейіп, олардан зардап шегушілер саны артып барады.



Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Жанарбек Әшімжан Үкімет басшысы Олжас Бектеновке жолдаған депутаттық сауалында мәлімдеді. Өз сөзін халық қалаушысы Ішкі істер министрлігінің нақты деректерімен дәйектеді. Бұл құзырлы орынның ұсынған көрсеткіштері расында жағдайдың сын көтермейтінін айтақтайды. Мәселен, 2025 жылы республика жолдарында 32 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Полиция қызметкерлері 14 миллионнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу деректерін анықтаған. Оның ішінде жылдамдықты асыру, қауіпсіздік белдігін тақпау және көлік басқару кезінде ұялы телефон пайдалану фактілері басым.

Сонымен қатар, полиция органдары 41 мыңнан астам жол тексеруін жүргізіп, бұл шаралар барысында 90 мыңға жуық кемшілікті анықтап, жол жамылғысын тиісті деңгейде жөндеп ұстамағаны үшін 7,4 мың лауазымды және заңды тұлға жауапкершілікке тартыпты.

Жол – экономиканың күре тамыры. Бұл жүйеден қан жүгіріп тұрса, ағза қауіпсіз жұмыс істейді. Сол сияқты, елдегі жол жүйесі үздіксіз әрі сапалы болса ғана экономика дамып, өңірлердің өзара байланысы нығайып, азаматтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Ұлтымда «Жол азабын жүрген біледі» деген терең мағыналы мәтел бар. Бүгінгі таңда бұл сөздің шынайы мәнін күн сайын жолға шыққан қарапайым азамат та, жүк тасымалдап жүрген кәсіпкер де, ауыл мен қала арасында жүрген халық та айқын сезініп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, көлік инфрақұрылымының жай-күйі тек салалық мәселе емес, ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың көрсеткіші.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту – уақыт талабы екенін нақты атап өтті. Президент тапсырмасына сәйкес, елімізде бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылып, жаңа жолдар салынууда, ескі бағыттар кеңейтілуде. Бұл – ел дамуы үшін маңызды әрі қажетті қадам. Алайда, өңірлердегі нақты жағдайды сараптай келе, жол саласы жүйелі мәселелерден әлі де арыла алмай отырғанын атап өтуге мәжбүрміз. Кейбір республикалық маңызы бар

бағыттарда жолдардың тарлығы, қарсы бағыттағы көліктердің бетпе-бет қозғалысы, қозғалыс қарқынының шамадан тыс жоғары болуы, жол инфрақұрылымының заманауи талаптарға сай келмеуі жол-көлік оқиғаларының жиілеуіне тікелей себеп болып отыр.

Жоғарыда аталған деректер жол сапасына қатысты мемлекеттік бақылаудың жеткіліксіз екенін, ал кей жағдайларда мердігерлер мен жауапты органдардың формалды жауапкершілікпен шектеліп отырғанын көрсетеді. Оң нәтиже берген нақты шаралардың бірі – республикалық маңызы бар автожолдарда орташа жылдамдықты бақылау жүйесін енгізу. Бұл жүйе жұмыс істейтін бағыттарда жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны айтарлықтай азайған. Аталған тәжірибе жол қауіпсіздігін арттыруда инженерлік және цифрлық шешімдердің шешуші рөл атқаратынын дәлелдеп отыр.

Осы жайлы айта келіп, Әшімжан мырза Үкімет тарапынан жол құрылысы мен жаңғырту жұмыстарына қатысты бақылауды түбегейлі күшейту, жауапты мемлекеттік органдар мен мердігер ұйымдардың нақты әрі дербес жауапкершілігін бекіту аса өзекті екендігін мәлімдеді. Сонымен қатар бұл мәселелерді жүйелі шешу үшін Үкіметтен төмендегі шараларды жедел түрде қолға алуды ұсынды. Олар жол сапасын мемлекеттік бақылауды күшейту, яғни құрылыс материалдарының сапасы, жоба-металдық құжаттаманың сақталуы және құрылыс нормалары бойынша тұрақты әрі нақты мониторинг жүргізу, тәуелсіз халықаралық сараптамалық институттар енгізіп, ірі жобаларға және пайдалануға берілген жолдарға тәуелсіз аудит жүргізу, салу мерзіміне қатаң бақылау тетігін енгізе отырып, әр жоба кезеңі бойынша нақты кесте бекітіп, кешігу үшін жеке жауапкершілік белгілеу. Сол секілді құрылыс барысын онлайн бақылау жүйесін құрып, халыққа ашық цифрлық платформа арқылы әр жоба бойынша жұмыс барысын көрсету. Мерзім мен сапа талаптары бұзылған жағдайда қатаң айыппұл салу, мемлекеттік тапсырыстан шеттету, лицензиялық шектеулер енгізу секілді қатаң санкциялар қолдану, әр жоба бойынша шығындардың ашық есебін жүргізу, артық шығындарды анықтау жолымен бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету. Ұсыныстардың қатарында құрылыс тендерлерінің ашықтығын қамтамасыз ету, жол белгілері, жарықтандыру, жаяу жүргінші өткелдері, авариялық аймақтарды халықаралық стандарттарға сай жабдықтау шаралары да қамтылды.

Тыңдар құлақ болса мұның бәрі азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау қана қоймай, Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші көлік-логистика хабына айналдыруға нақты серпін берер шаралар екені даусыз. Орынды ұсыныстар жерде қалмаса екен.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Парламент Мәжілісінің дәстүрлі отырысында еліміздің өлемдік қауымдас-тықтағы рөлін күшейтуге бағытталған маңызды құжаттар қабылданды. Солардың бірі Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) басқару органдарын көңейтуді көздеген хаттамалар ратификациясы болды. Бұл қадам халықаралық міндеттемелерге адалдықты ғана емес, Қазақстанның өңірлік көшбасшылыққа және транзиттік хаб ретіндегі амбициясына сай стратегиялық ұстанымын да айқындайды.

ҚАЗАҚСТАН АВИАЦИЯЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕ ДАМУ МҮМКІНДІГІН АЛМАҚ

Аталмыш өзгерістер 2016 жылғы 6 қа-занда Монреалда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенция-ның 50 а) және 56-баптарына енгізілген өзгерістерді қамтиды. Олар ИКАО Кеңесінің құрамын 36-дан 40-қа дейін, ал Аэронавигациялық комиссия мүшелерінің санын 19-дан 21 адамға дейін арттыруды көздейді.

Жаңа құжат бойынша баяндама жа-саған Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі, депутат Темір Қырықбаевтың айтуынша, бұл шешім Қазақстан үшін саяси тұрғы-дан да маңызды. Өйткені, ИКАО басқару құрылымдарының кеңеюі – халықаралық авиациялық саясатта әділетті өкілдікті қамтамасыз етуге бағытталған қадам. Қа-зақстан үшін бұл өз позициясын нығайтып қана қоймай, Орталық Азия өңірінің мүд-делерін жаһандық деңгейде ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін бұл органның жұмысына ықпал ету – стратегиялық мүдде. Өйткені, Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғайтын әуе дәліздерінің түйіскен нүктесінде ор-наласқан. Сондықтан аэронавигациялық стандарттарды әзірлеу кезінде өңірлік ерек-шеліктердің ескерілуі еліміз үшін аса ма-ңызды. Комиссия құрамының кеңеюі – осы мүмкіндікті арттырады.

Жалпы Қазақстан соңғы жылдары өзін аймақтық транзиттік авиациялық хаб ретінде қалыптастыруды стратегиялық мақсат етіп отыр. Әуе кеңістігін цифрландыру, халықаралық әуежайларды жаңғырту, жүк және жолаушылар ағынын арттыру – осы саясаттың нақты көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, ИКАО-ның басқару органдарында белсенді болуы халықаралық стандарттар-ды қалыптастыруға қатысуға, ұлттық авиа-циялық мүдделерді қорғауға, қауіпсіздік пен сенімділікті арттыруға мүмкіндік бе-реді.

Түзетулерді бүгінге дейін 120 мемлекет ратификациялапты. Қазақстанның бұл қатарға қосылуы еліміздің ИКАО-ның жауапты әрі белсенді қатысушысы ретіндегі беделін күшейтеді. Жалпы, ИКАО басқару органдарын кеңейтуге қатысты хаттамаларды ратификациялау – Қазақстан үшін формальды емес, ұзақмерзімді стратегия-лық мәні бар шешім. Бұл қадам еліміздің халықаралық авиация саласындағы ықпалын арттырып, Орталық Азияның мүддесін

жаһандық деңгейде қорғауға және Қа-зақстанның транзиттік хаб ретіндегі орнын нығайтуға қызмет етеді.

Отырыста қабылданған тағы бір құжат Қазақстан–Қырғызстан шекарасындағы өткізу пункттеріне қатысты болды. Парламент Мәжілісі Қазақстан мен Қырғызстан ара-сындағы мемлекеттік шекара арқылы өткі-зу пункттерінің жұмыс режимін өзгертуге қатысты маңызды халықаралық құжатты мақұлдады. Бұл хаттама 2024 жылғы 19 сәуірде Астана қаласында жасалған. Құ-жатқа сәйкес, «Кеген-автожолдық» (Қа-зақстан) және «Қарқара-автожолдық» (Қырғызстан) өткізу пункттерінің жұмыс режимін «тәуліктік жарық уақыты» фор-матынан «тәулік бойы» режимге көшіру көзделген.

Өткізу пункттерінің тәулік бойы жұ-мыс істеуі Қазақстан мен Қырғызстан ара-сындағы шекара маңы ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығарады. Бұл шешім екі ел арасындағы тауар айналымын артты-руға, логистикалық тізбектердің тиімділігін күшейтуге және шағын әрі орта бизнестің шекаралық саудаға белсенді қатысуына жол ашады. Сонымен қатар туризм мен жолау-шылар ағыны үшін қолайлы жағдай туды-рады. Өйткені, «Кеген – Қарқара» бағы-тындағы өткізу пункттері туристік әлеуеті жоғары аумақта орналасқан. Тәулік бойы жұмыс істеу режимі туристер үшін қозғалы-сты жеңілдетеді, маусымдық жүктемені азайтады, тау және экотуризм бағыттары-ның дамуына серпін береді.

Сонымен қатар бұл шара Қазақстан–Қырғызстан мемлекеттік шекарасындағы басқа да автомобиль өткізу пункттеріне түсетін жолаушылар ағынын қайта бөлуге, сол арқылы кезектерді азайтуға мүмкіндік береді.

Мәжілістің салалық комитеттері хат-таманы он бағалап, оны ратификациялау-ды ұсынды. Сарапшылардың айтуынша, бұл шешім шекаралық инфрақұрылымның тиімділігін арттырып, азаматтардың ер-кін қозғалысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Сонымен қатар мұндай қа-дамдар өңірлік тұрақтылықты нығайтып, Орталық Азия елдері арасындағы өзара сенімді арттыруға қызмет етеді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

Цифрлық технологиялар, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер мен жасанды интеллект элементтерінің қылмыстық сот ісін жүргізуде қолданудың процессуалдық кепілдіктерге, адам құқықтарын қорғауға және әділ сот қағидаттарына ықпалы зор.

Қазіргі кезеңде қылмыстық сот ісін жүргізуді цифрландыру құқық қорғау және сот жүйесін жаңғыртудың маңызды бағытына айналды. Электрондық қылмыстық істер, цифрлық дәлелдемелер, қашықтан сот отырыстары және автоматтандырылған ақпараттық жүйелер қылмыстық процестің тиімділігін арттыруға бағытталған. Алайда, цифрлық технологияларды енгізу қылмыстық процестің дәстүрлі қағидаттарына әсер етіп, жаңа құқықтық тәуекелдер мен шектеулерді туындатады. Осыған байланысты қылмыстық процестегі цифрландырудың құқықтық салдарын ғылыми тұрғыдан бағалау өзекті болып табылады.

Құқықтық тәуекелдер деп цифрлық технологияларды қылмыстық процесте қолдану нәтижесінде заңдылық қағидатының, тараптардың теңдігі мен құқықтарын қорғаудың бұзылуы ықтималдығын түсінуге болады. Бұл тәуекелдер цифрландырудың техникалық қана емес, сонымен қатар құқықтық табиғатына байланысты туындайды. Себебі, қылмыстық процесс – адам құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсер ететін сала. Цифрландыру процесінде ақпараттық жүйелердің жұмысына, алгоритмдердің логикасына және деректерді өңдеу тәсілдеріне тәуелділік артады. Бұл жағдай қылмыстық іс жүргізу субъектілерінің процессуалдық дербестігін шектеу қаупін күшейтеді. Цифрлық форматтағы қылмыстық іс жүргізу барысында айыпталушының, қорғаушының

ЦИФРЛАНДЫРУ: ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН ШЕКТЕУЛЕР



және жәбірленушінің құқықтарын толық іске асыру мәселесі туындайды. Электрондық жүйе-лер арқылы жүргізілетін процессуалдық әрекет-тер тараптардың материалдарға тең қолжеткізуін әрдайым қамтамасыз ете бермейді. Бұл қорғану құқығының шектелуіне алып келуі мүмкін. Авто-маттандырылған жүйелер мен жасанды интеллект элементтері қолданылған жағдайда қабылданатын ұсынымдық немесе аналитикалық шешімдердің негізділігі мен түсіндірмелілігі маңызды мәселе болып табылады.

Алгоритмдердің жұмыс істеу қағидаларының ашық болмауы сот шешімдерінің әділдігіне күмән

тудырады. Қылмыстық процесте пайдаланылатын цифрлық деректер көлемінің артуы оларды қорғау мәселесін күрделендіреді. Дербес деректердің заңсыз таралуы немесе ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізу адам құқықтарының өрес-кел бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Қылмыстық процесті цифрландыру белгілі бір шектеулер ая-сында жүзеге асырылуы тиіс.

Біріншіден, цифрлық технологиялар судья-ның, тергеушінің және прокурордың шешім қа-былдау құзыретін алмастырмауы керек.

Екіншіден, цифрландыру адам құқықтарын қорғау қағидаттарына қайшы келмеуі тиіс.

Үшіншіден, кез келген автоматтандырылған құралдар тек көмекші сипатта қолданылуы қажет. Сонымен қатар, цифрлық теңсіздік мәселесі де шектеу ретінде қарастырылады. Барлық процесс қатысушыларының цифрлық ресурстарға бірдей қол жеткізуі қамтамасыз етілмеген жағдайда, әділ сот қағидаты бұзылуы мүмкін. Қылмыстық процестегі цифрландырудың құқықтық тәуекелдерін азайту үшін: цифрлық технологияларды қолдану-дың нақты процессуалдық шектерін заңнамалық деңгейде айқындау; алгоритмдердің ашықтығы мен түсіндірмелілігін қамтамасыз ету; дербес деректерді қорғаудың күшейтілген тетіктерін енгізу; цифрлық технологияларды қолдану кезінде адам шешімінің басымдығын сақтау қажет. Қор-ыта келгенде, қылмыстық процестегі цифрлан-дыру құқық қорғау жүйесінің тиімділігін артты-руға бағытталған маңызды құрал болғанымен, ол бірқатар құқықтық тәуекелдер мен шектеулерді туындатады.

Бұл тәуекелдер процессуалдық кепілдік-тердің әлсіреуімен, алгоритмдердің ашық еместігімен және ақпараттық қауіпсіздік мәсе-лелерімен байланысты. Сондықтан цифрланды-ру үдерісі қылмыстық процестің негізгі қағи-даттарына сәйкес отырып, адам құқықтарын қорғауға бағдарланған құқықтық реттеу аясын-да жүзеге асырылуы тиіс.

Қ.ӨТЕБАЛИЕВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті Құқық және халықаралық
катынастар факультеті, құқықтану
кафедрасының аға оқытушысы
АҚТАУ ҚАЛАСЫ

ПАЙЫМ

ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ БЕЛСЕНДІ, СЫНИ
ОЙЛАЙ АЛАТЫН ҚОҒАМҒА МҰҚТАЖ

Соңғы жылдары ақпараттық кеңістікті реттеу мәселесі көптеген мемлекеттер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін де ерекше өзектілікке ие болды. Цифрлық медиа, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің кең таралуы ақпаратты алу және тарату тәсілдерін түбегейлі өзгертті. Демек, өз кезегінде мемлекет адына жаңа сын-қатерлер қойды. Осыған жауап ретінде медиа саласында жаңа заңнамалық бастамалар әзірленіп, қабылдануда. Алайда бұл шаралар қоғамда үлкен пікірталас туғызып отыр, себебі олар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен сөз бостандығын шектеу арасындағы өте нәзік шекарадан өтеді.

Жаңа медиа заңдарын қолдаушылардың пікірінше, мемлекет қоғамды жалған ақпараттың, экстремистік материалдардың, зорлық-зомбылыққа шақырулардың және елдің ішкі істеріне араласудың алдын алу үшін қорғауға міндетті. Жаһандық тұрақсыздық жағдайында ақпарат қоғамдық пікірді манипуляциялау мен саяси жағдайды тұрақсыздандыру құралына айналуы мүмкін.

Әсіресе, жалған жаңалықтарға ерекше назар аударылады, өйткені олар халық арасында үрей туғызып, мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретіп, әлеуметтік қақтығыстарға себеп болуы мүмкін. Мемлекет тұрғысынан алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-платформалар үшін нақты ережелер белгілеу мұндай қауіптерге жедел әрекет етуге, журналистер мен блогерлердің жауапкершілігін арттыруға және қауіпсіз ақпараттық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәлімделген мақсаттарға қарамастан, жаңа бастамалар жиі сынға ұшырайды. Құқық қорғау ұйымдары, журналистер және азаматтық қоғам өкілдері заң жобаларындағы тұжырымдардың нақты еместігін атап өтеді. «Зиянды ақпарат», «қоғамдық тұрақтылыққа қатер» немесе «жалған

мәліметтер» сияқты ұғымдардың нақты құқықтық шекаралары жоқ, бұл оларды кең әрі субъективті түрде түсіндіруге жол ашады.

Сондай-ақ, өзін-өзі цензураулау қаупі де алаңдаушылық тудырады. Журналистер мен редакциялар рұқсат етілген шектің қайда екенін нақты білмеген жағдайда, сыбайлас жемқорлық, билікті асыра пайдалану немесе әлеуметтік мәселелер сияқты өткір тақырыптардан саналы түрде бас тартуы мүмкін. Ұзақ мерзімді перспективада бұл қоғамдық пікірталастың сапасының төмендеуіне және медианың қоғамдық бақылау институты ретіндегі рөлінің әлсіреуіне әкелуі ықтимал.

Негізгі мәселе – азаматтардың қауіпсіздікке деген құқығы мен ақпарат алу құқығы арасындағы тепе-теңдікті табу. Сөз бостандығының шексіздігі де, ақпаратты толық бақылау да өз алдына тәуекелдерге толы шектен шыққан ұстанымдар. Сондықтан көптеген елдерде медиа саласын реттеу кең қоғамдық талқылаулармен және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен қатар жүреді.

Тепе-теңдікке қол жеткізу үшін заңдардың барынша ашық болуы, ал оларды қолдану тетіктерінің қоғам алдында есепті болуы маңызды. Тәуелсіз соттар, шағымданудың нақты рәсім-

дері және кәсіби қауымдастықтардың нормаларды әзірлеуге қатысуы теріс пайдаланудың алдын алып, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайта алады.

Медиа заңнамасы тек журналистерге ғана емес, әрбір азаматқа әсер етеді. Цифрлық технологиялар дәуірінде интернет қолданушысының әрқайсысы ақпарат таратушыға айнала алады. Сондықтан медиа саласындағы шектеулер әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларда пікір білдіру еркіндігіне де тікелей ықпал етеді.

Реттеудің қай бағытта дамитыны азаматтық белсенділіктің деңгейіне, билікке деген сенімге және қоғамның ішкі және сыртқы сын-қатерлерге төте беру қабілетіне әсер етеді. Қуатты мемлекет тек бақылау құралдарына ғана емес, сонымен бірге белсенді, ақпараттанған және сыни ойлай алатын қоғамға мұқтаж.

Жаңа медиа заңдары төңірегіндегі пікірталастар ақпараттық саясат мәселесінің қаншалықты сезімтал әрі күрделі екенін көрсетеді. Қауіпсіздік пен цензура арасындағы шекара өте жіңішке, ал оны асып өту демократиялық процестер мен адам құқықтары үшін ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан ашық диалог, түрлі тараптардың пікірін ескеру және құқықтық тепе-теңдікке ұмтылу әділ әрі тиімді медиа реттеуді қалыптастырудың негізгі шарттары.

Бағдат АУЕШОВА,
Yessenov University заң
ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
АҚТАУ ҚАЛАСЫ

ТҮЙТКІЛ

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНАТЫНДАР АЗАЯР ЕМЕС

Кентау қалалық полиция бөлімінің бастығы Шералы Әділханұлы мен бірінші орынбасары Азамат Сәрсенқұловтың басшылығымен қала аумағында көшенді профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды.

Әлеуметтік желілерде халықты салым салу жолымен ақшаны еселеп қайтарып алуға үгіттейтін жарнамалар көп. «OLX», «Instagram», тағы басқа желілер арқылы жалған жарнамалар беріп, уақытша ашылған есеп шоттарға ақша аударымдарын жасату, «WHATSAPP» желісі арқылы банктің қызметкерлері болып та алдайтындар жетерлік. Елді алдаудың жолы сан қилы. Аталған қылмыстың құрбаны болудан сақтану жөнінде қаншама түсіндіру жұмыстары да жүргізіліп жатыр, бірақ тұрғындар салымдар салу арқылы оңай олжа табу, басқа өмірлерден арзан затқа қол жеткізу мақсатында ақша аударымдарын жасап, тұзаққа түседі. Кентау полиция бөлімі тарапынан күнделікті түсіндіру, сақтандыру шаралары жалғасуда. Алайда алаяқтарға жаңа жылдың алғашқы айында-ақ үш азамат алданып үлгеріпті.

Осыған орай қалалық полиция қызметкерлері қоғамдық көлік жүргізушілеріне жол қозғалысы қауіпсіздігі мен интернет алаяқтықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтті, ақпараттық брошюралар таратып, дыбыстық хабарламалар жолдауда.

Мемлекет басшысы өз жолдауында лудомания, қаржылық пирамида және интернет алаяқтық, одан бөлек халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында өзекті мәселе көтерген болатын. Шын мәнінде соңғы жылдары халық арасында интернет алаяқтығының ардап шеккендердің саны артып кетті. Шараның мақсаты – тұрғындарды толықтай ақпараттандыру, алаяқтарға алданбай, сақ жүруге шақыру, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алаяқтық қылмыстардың алдын алу. Осыған орай тұрғындары мен колледж, мектеп оқушылары арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз. Жыл басынан бері 3 адам алаяққа



алданып, өзінің қателігін кеш түсініп отыр, – деді Кентау қалалық полиция бөлімі бастығының орынбасары полиция подполковнигі Азамат Сарсенқұлов.

Қазіргі таңда қала полиция бөлімінің бастамасымен денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінде, халыққа қызмет көрсету және сауда орталықтарында алаяқтықтан сақтану жөнінде жадынамалар таратылуда.

Раушан НАРБЕК

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДЕРДІ КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Әйел құқығы – адам құқығы, ол әйелдердің әлеуметтік, экономикалық, мәдени, азаматтық және саяси мәртебесін белгілейді. Заң әйелдердің кемсітуге ұшырамауына кепілдік береді.

Әйелдер құқығы жөнінде конвенция әлем әйелдерінің теңсіздігін өмірдің барлық саласы бойынша дамытады. Олар арулардың құқығы көп бұзылатын елдерде әйелдерге қатысты кемсітуді болдырмау үшін заңнамалар мен саясатқа өзгерістер енгізуге ұсыныс жолдап, кей жағдайда міндеттейді.

Сонымен қатар көп жағдайларда әйелдердің өздері өзіндік құқықтарға ие екендіктерін түсіне бермейді. Соған сәй-

кес, Қазақстанда гендерлік теңдік стратегиясын Мемлекет басшысы алға шығарды. Әйелдер мен балалар құқығын қорғайтын заң тармақтарын күшейтті. ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия елде үлкен бастамалар мен жобалардың жүзеге асуына мұрындық болып отыр. Әйелдерге қатысты кемсітуге дамыған қоғамда орын жоқ.

А.АЛИМЖАНОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
соты әкімшісінің бас маманы

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

Ақмола – көшбасшы

2025 жылдың қорытындысы бойынша Ақмола облысына негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 926,9 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 1,5 есе көп. Сонымен бірге жеке инвестициялардың үлесі 71%-ды, ал бюджеттік инвестициялардың үлесі 29%-ды құрап, бұл экономиканың дамуына жеке сектор мен мемлекеттік қаржыландыру көздерінің белсенді қатысын көрсетеді.

Салалар бойынша инвестициялардың негізгі бөлігі өнеркәсіпке тиесілі – 33,7%, ал қалған бағыттар арасында жылжымайтын мүлік операциялары, көлік пен қоймалау, ауыл шаруашылығы, құрылыс бар. Осылайша, Ақмола облысы инвестициялардың өсу қарқыны бойынша Қазақстан өңірлері арасында көшбасшы болып, ИФО көрсеткіші 153,1%-ды құрады.

А.ТОКАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Қолайсыз ауа райы қиындықтар
тудырды

Атырау әуежайы қардан газартылуда. Бұл жұмыстарға арнайы техникалар тартылып, жолаққа 23 тоннадан аса арнаулы химиялық материал себілді, – деп мәлімдейді жергілікті билік.



Соңғы күндердегі қолайсыз ауа райына байланысты мұз бен жаңбыр қатар жауып, кейін аяздың күшеюі салдарынан жолаққа көктайғақ пайда болды. Халықаралық азаматтық авиация комитетінің (ИКАО) кодына сәйкес оның жағдайы «нөлдік» деңгейде бағаланып, қауіпсіздік мақсатында рейстер уақытша тоқтатылды.

– Ауа температурасының төмендеуіне байланысты ұшу-қону жолағында көктайғақ пайда болды. Содан бері қауіпсіздік шаралары күшейтілді. Негізгі мақсат – жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ әуе кемелерін қауіпсіз қабылдау және ұшыру. Әуежай қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс істеп, рейстерді қауіпсіз ұшуға дайындады, – деді Х.Доспанова атындағы Атырау халықаралық әуежайының инженері Андрей Венгриянов.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Тұрғындарға заң кеңесі берілді

Байқоңыр аудандық прокуратурасы «Демеу» ресоциализация орталығында мемлекеттік қызмет алатын азаматтар үшін құқықбұзушылықтың алдын алу және мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайту мақсатында іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараға 10 уәкілетті орган мен жұмыс берушілердің өкілдері қатысты. Шамамен 100 адам мамандарға құжаттандыру, мүгедектікті рәсімдеу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша жүгінді. Нәтижесінде, сол жерде 21 адамға құжаттар рәсімделді, 15 азаматтың мүгедектікті рәсімдеуге арналған құжаттар қабылданды, ал 22 адам жұмысқа орналасу туралы хабарлама алды. Қосымша түрде 40-тан астам азаматқа заңгерлік кеңес көрсетілді. Аталған жұмыс тұрақты негізде жүргізілмек.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

Қауіп қайдан деменіз...

Алматы облысында табиғи өрттердің алдын алу және оларды жою бағытында заманауи цифрлық шешімдер кезең-кезеңімен енгізіліп келеді. Соның бірі – интеллектуалды бейнемониторинг жүйесі. Аталған жүйе жоғары тиімділігін көрсетіп, орман өрттерінің санын 14 есеге қысқартуға мүмкіндік берді. Цифрлық мониторинг жүйесі Мемлекет басшысының 2023 жылғы 11 маусымдағы тапсырмасы аясында жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда облыстың бес орман шаруашылығында – Бақанас, Қаскелең, Күрті, Шелек және Қарадала аумақтарында 18 аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылған.

Жүйеге қосылған заманауи бейнекамералар тәулік бойы өрт қаупі жоғары аймақтарды бақылап, түтін мен от тұтану ошақтарын ерте кезеңде анықтайды. Ақпарат нақты уақыт режимінде жедел қызметтерге жеткізіліп, қауіптің алдын алуға және өрттің таралуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Т.ИБАСHEBA
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

«ECO IT: Тазалыққа жол!»

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысында қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған «ECO IT: Тазалыққа жол!» атты экологиялық хакатон өтті.

Аталған хакатонның негізгі мақсаты – жастардың экологиялық мәселелерге деген саналы көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзекті мәселелерге заманауи, креативті және тиімді шешімдер ұсынуға мүмкіндік беру, сондай-ақ жастар арасында экологиялық белсенділікті арттыру. Іс-шара экология тақырыбындағы инновациялық ойлар мен тың бастамаларды қолдауға бағытталған маңызды диалог алаңына айналды.

Хакатонға өңірдің әртүрлі жоғары оқу орындары мен колледждерінен 12 команда қатысып, өздерінің экологиялық жобаларын әзірлеп, қазылар алқасының назарына ұсынды. Қатысушылар экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған нақты ұсыныстарын қорғап, командалық жұмыс, көшбасшылық, стратегиялық ойлау және жобалық менеджмент дағдыларын көрсетті.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

Стадион қайта түлемек

Қарағандыда қаланың басты спорт нысандарының бірі – «Шахтер» стадионын ауқымды жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Атқарылған жұмыстар мен спорт инфрақұрылымын одан әрі дамыту жоспарлары Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевқа облыс орталығын дамыту мәселелеріне арналған кеште таныстырылды.

Былтыр стадионда футбол алаңының негізі толық жаңартылып, сұйықтықпен жылыту жүйесі орнатылды және жеке жылу пунктіне дейін жылу трассасы тартылды.

Ауыр атлетика залына күрделі жөндеу жүргізіліп, шатыр, су және жылу жүйелері жаңартылды. Жаттығу құралдарының бір бөлігі ауыстырылып, мүгедектігі бар жандар үшін қолжетімді орта қамтамасыз етілді.

А.САТЫБАЛДЫ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Шымкент қаласы бойынша филиалы мәліметінше, 2025 жылы медициналық ұйымдарда 600-ге жуық күрделі операция жасалған.

Оның ішінде нық, тізе және жамбас буындарын қалпына келтіру оталары мен сүйек пішінінің бұзылыстарын түзету, жасанды буын салу сияқты операциялар бар. Мұндай хирургиялық араласулар заманауи медициналық

жабдықтарды пайдалана отырып, барлық медициналық талаптарға сай орындалады.

Мәселен, Шымкент қалалық №1 клиникалық ауруханасы ортопедиялық күрделі ота жасайтын бірден-бір

медициналық ұйым. Онда сүйек-буын жүйесі аурулары мен жарақаттарын емдеуге бағытталған шұғыл және жоспарлы күрделі хирургиялық оталар жүзеге асырылып келеді. Былтыр мұнда Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі есебінен 200-ден астам ортопедиялық операция жасалған. Аурухана тәжірибелі ортопед-дәрігерлермен, жарақаттану және ортопедия саласына бейімделген операциялық бөліммен және толыққанды оңалту қызметімен қамтамасыз етілген.

Отадан кейін науқастар дәрігерлердің тұрақты бақылауында болып, қалпына келтіру емінен өтеді. Жақында бұл аурухананың дәрігерлері ауыр халде жеткізілген 38 жастағы азаматты ажалдан арашалап қалды. Тексеру барысында оның ас ішегі 3-4 жерден

тесіліп, іш қуысына инфекция тарағаны анықталды. Ота жасаған хирург-дәрігер Нұрғали Тұрлыбаевтың айтуынша, дер кезінде көрсетілген медициналық көмектің арқасында ауыр асқинулардың алдын алу мүмкін болған. Ота барысында хирургтер ішекті тесіп тұрған сүйекті алып, зақымдалған ішек бөліктерін тігіп, қалпына келтірді. Сондай-ақ іш қуысы толық тазартылып, перитониттің зардаптары жойылды.

Жалпы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалымен Шымкентте 200-ге жуық медициналық мекеме қызмет көрсетеді. Оның қырық шақтысы мемлекеттік, қалғандары жекеменшік.

Республикалық маңызы бар бұл қалада мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қажетті құралдар мен қызметтерге

тапсырыс беру үшін «Alemet» жүйесі іске қосылған. Олар электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, өздеріне қажетті оңалту құралдары мен қызметтерді онлайн түрде рәсімдей алады.

Қазіргі таңда Шымкент қаласында 43 мыңға жуық мүгедектігі бар азамат тіркелген. Олардың 5 мыңға жуығы бірінші, 15,4 мыңы екінші, 14 мыңы үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар. Ал 18 жасқа дейінгі ерекше балалар саны 8 472. Былтыр мүгедектігі бар азаматтарды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес 53 379 өтінім қамтамасыз етілді. Бұл алдыңғы жылғы (43 640 өтінім) көрсеткіштен едәуір жоғары.

Е. КЕБЕКБАЙ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «GANSAM» ЖШС (БСН 061240016690) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таутұл ықшам ауданы, 19-үй, 11-пәтер, индекс 050042, тел. +77012359889.

3. «Bublu» ЖШС (БСН 240240026495) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Нұрлан Қаппаров көшесі, 368-үй, 26 н.б., тел. +77012359889.

5. «Comfort-2014» ЖШС (БСН 140540026445) (ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, 100004, Қазыбек би атындағы ауданы, Бытовая көшесі, 25-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды қаласы, Речная көшесі, 14, 7-үй, тел. +7 7212 910016.

7. «Printery Design Studio» ЖШС (БСН 130940020111) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбека даңғылы, 212/20-үй.

10. «Нұржан қажы ата» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170740034736) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округі, Жанаталап ауылы, С.Рысбетұлы көшесі, 70-үй.

11. «Карабалаева А.С.» ЖШС (БСН 230740021996) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, Айрақты тұрғын үй алабы, ғимарат 203.

12. «Гатвик Капитал» ЖШС (БСН 040740002543) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17/1-үй.

15. «Zh.A farm» ЖШС (БСН 220440023395) (Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла ықшам ауданы, Жуалы көшесі, 3 үй, н.п.2А), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Алтай-1 ықшам ауданы, 11А үй, 22 пәтер. Тел. 8 702 479 17 97.

16. «Success for SS» ЖШС (БСН 240940002077) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050002, ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Мақатаев көшесі, 12 үй, 7 пәтер.

18. «ЗападЭлектроКабель» ЖШС (БСН 110940005709) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 31/1-үй.

19. «Рыскуль. С» ЖШС (БСН 161140017418) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру

жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Агропром шағынауданы, 107А-үй.

20. «AZIM Company» ЖШС (БСН 200840007621) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Өскемен қаласы, Иртышская көшесі, 27 - үй, тел. 8-776-717-54-76.

21. «Түзету-дамыту орталығы DAMU» ЖШС (БСН 230340014334) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Авангард 23а үй, 54-пәтер, тел. 8702 032 54 65, 8702 473 38 21.

22. «№ 1 мектеп гимназиясының Қамқоршылық кеңесі» қоғамдық қоры (БИН 180140035447) өз қызметін тарату (жабу) туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Қордың кредиторлары өз талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша ұсына алады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Қонаев көшесі, № 137, тел. +77263722175, 87750692905.

23. «Кенен Әзірбаев атындағы балалар саз мектебінің Қамқоршылық кеңесі» қоғамдық қоры (БИН: 181040031844) өз қызметін тарату (жабу) туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Қордың кредиторлары өз талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша ұсына алады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 108, тел. +77263722175.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ӘРТҮРЛІ

8. «Нұр Тоба» ЖШС (БСН 000440002307) өзіне «Билдсервис» ЖШС-нің (БСН 061240004449) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Семина көшесі, 844-ғимарат.

9. «Билдсервис» ЖШС (БСН 061240004449), «Нұр Тоба» ЖШС-не (БСН 000440002307) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Семина көшесі, 844-ғимарат.

17. «Клуб Т Астана» ЖШС, БСН 250140002268, жарғылық капиталының 100 000 000 (жүз миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі заңды мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 010016, Есіл ауданы, Достық көшесі, 16 ғимарат. Тел. +7 701 977 10 47.

24. Аудиторлық қызмет жөніндегі кәсіби кеңестің (АҚКК) біліктілік комиссиясы 2025ж. 14 және 16 қарашаның аралығында өткен «Қазақстан Республикасының аудиторы» атағын алуға арналған емтихандық сессияның қорытындылай келе, «Аудитор» атағы 12 (он екі) үміткерге берілгенін хабарлайды.

АҚКК біліктілік комиссиясы келесі емтихан тапсырушыларды емтихандарды сәтті тапсыруымен және «Аудитор» біліктілігін алуымен құттықтайды:
Амергалиев Даулет Рашидұлы;
Асқанбай Ақбота Амантайқызы;
Ахтанова Мәдина Нурболатқызы;

Қабыл Гаухар Сапаралықызы;
Калибекова Юлия Валерьевна;
Оторбаева Динара Даулетовна;
Саргулова Дана Насихатовна;
Тынышмова Назира Асқаровна;
Урбаев Леонид Андреевич;
Урпекова Азель Гомаровна;
Хегай Елена Андреевна;
Шамырканов Бақыт Талантбековичі.

Барлық қызықтыратын сұрақтарыңыз бойынша +7 727 249 76 02, +7 700 304 00 57 телефондары арқылы немесе kvalkom@psad.kz электронды пошталарына хабарласыңыздар.

АҚКК біліктілік комиссиясы

МҰРАГЕРЛІК

4. 17.09.2025 ж. қайтыс болған Бисариев Еликбай Сейтжановичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шнелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

6. 2026 жылы 3 қаңтарда қайтыс болған Самарханов Білімбек Алтайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Р.А.Пазилбековаға келулеріңіз керек. Астана қаласы, М.Тынышбайұлы көшесі, №8 ғимарат. Тел. 87013387111.

14. 1.08.2023 ж. қайтыс болған Қалыбекова Улзада Құттыбайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.С.Абуоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 37-үй, НП-192. Тел. 8 701 743 23 68.

ЖОҒАЛТУ

13. ИП «Эрметова» Эрметова Халида Худайбергеновнаның атына тіркелген 418 XLY13 жүк тасымалдау көлігіне берілген Беларусь Республикасының Коммуникация және транспорт министрлігінің Б № 5382690 «ДОЗВОЛ» жарамдылық мерзімі 31.01.2026 жыл құжатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency.kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

(Жалғасы. Басы алдыңғы сандарда)

Ескі қаланың ең ұзын көшесінің бойына орналасқан «Нұр» кафеіне тергеу бастығы қыздан бұрын келді. Кафенің іші көгілдір. Бір жақ қабырғасына теңіздің көрінісі майлы бояумен салынған.

Тулаған толқындар арасында қанатымен су сызған шағала. Су жағасындағы кемелер саяхатқа шақырып тұрғандай. Ақ жамылғы жабылған үстелдер сәнділігімен көз тартады. Оңашалау орынға жайғасқан Райс да шығаға:

– Екі кофе, – деді.

Ақ көйлек, қара шалбар, мойнына көбелекше байлаған жас жігіт тез әкелді.

Сағатына қарап қойып, газет жаңалықтарына көз жүгірткен тергеуші есіктен имененген менеджерді байқады. Өзін еркін ұстайтын қыздың бүгінгі түрі оның бір оқиғаға тап болғанын сездіргендей.

– Мында отырыңыз, сырқаттанып қалған жоқсыз ба? – деді жанындағы орындықты меңзеп.

– Ажал аузынан оралдым.

– Қалайша?

Менеджер басынан өткендерін айта бастады.

– Сіз онда неге бардыңыз? Бұрын да баратын ба едіңіз?

– Бір-екі рет барғанмын.

– Неге?

– Тұранның анасы стюардессаның жетім қыз екенін білген соң, қызғанышымды қоздырып, тезірек жүкті болсаң, балама сені алып беремін, – деді. Аяғым ауырлаған соң «сүйген адамың өзіне қалсын десең, олар саунаға барғанда, стюардессаның бокалына мына дәріні салып жібер. Жетімдер үйінде өскен қыз баламның теңі емес. Өзінің де, баласының да көзін құртсақ, сені алғызам деп сендірді. Оның бұл жоспарын менен басқа ешкім білмейді. Ал сауна күзетшісі мені ғана біледі. Ол жем-жемге келгенде, мені ұстап берді. Ақыры банкирдің шешесі баласының өліміне себеп болған құйтырқы әрекеттері ашылып қалмау үшін менің көзімді құртуды ойлады. Маған баласына берген дәріні беріп, есімнен танғанда, өлді деп ойлап, ауласындағы қара топырақтың астына көмді. Мені құтқарған қалта телефоным. Сонымен патруль шақырдым.

– Ол бұрын стюардессаға қолданған дәрінің мені де сеппей қатыратынына, ешбір күмәнданбады. Асыққан болу керек, қалтамадағы ұялы телефонды алып қалу есіне келмеген. Райс Сапарұлы, не айтсам да ақтала алмайтын шығармын. Енді бұдан былай не істеуім керек?

– Енді қылмыс ашылғанша, ешкімнің көзіне түспейсің.

– Айтқандарыңның бәрін қағазға түсіріп, қолыңды қой.

Детектив қайтадан газетке үңілді.

– Кофе ішіп алыңыз. Арада болған әңгіме құпия күйінде қалсын. Керек уақытта өзін хабар беремін.

Қалтасындағы ұялы телефоны ызылдады.

– Жолдас полковник, егер уақытыңыз болса, ішкі істер департаментінің басшысына соғып кетсеңіз. Сіздің келуіңізді сұрайды.

– Жақсы, жарты сағаттан кейін боламын.

Райстың бар ойы банкирдің өлімінің жұмбағы шешілді ме, шешілмеді ме соның төңірегінде. Менеджердің басынан кешіргендері, банкирдің уланудан өлмегендігін дәлелдеп бергендей. Менеджердің бойындағы ұды қара топырақ сорып алса, банкирдің бойындағы ұды саунаның суы сорып алуы керек. Демек, өлімнің себебі бұл да емес. Бұл жерде бұдан да басқа себеп бар, банкирді қайтпас сапарға жөнелткен біреулер бар. Олар кімдер?!

Райс осы қылмыс қашан ашылады деп безілдеп жатқан департамент басшысынан, жоғары жақтағылардан, әлде



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

де болса бір жетідей мерзім сұрауды ойлады.

Оның ішкі түйсігі бойынша, бұл қылмыстың бұдан да басқа құпиясы бар. Нағыз қылмыс жасаған кім?! Оның ішкі дауысы банкирдің шешесі деп сұңқылдайды, бірақ өзі оған сенгісі келмейді. Себебі, ол қалай дегенде де ана ғой, ананы өз туған баласын өлтірді деп жазаға тарту қисынға келе бермейтін тәртізді.

Бас тергеушінің болжамынша, бұл өлімге себепкер тағы біреулер бар. Ол кімдер?! Соны табу керек.

Кек

Стюардесса саунадан келгенде, інісі компьютер алдында отырды. Апасының мұңлы жүзі мен ісіңкі көзіне қараған Роллан:

– Сестричка, опять этот кабан тебя растроил? – деді.

– Саған не керек? Сабағыңды оқы! Енді өзіміз күн көретін боламыз. Ол менен біржолата бас тартты.

– Уәдесінен айнып кетті ме?

– Иә, қалталы мырзаға кім бала туып бермейді. Ана көңілдеген менеджері де жүкті. Шешесі маған үйленуге үзілді-кесілді қарсы, менеджерді қалады.

– Менеджер сенен сұлу ма?

– Оның әке-шешесі бар. Біздей жетімдер кімге керек?

Он беске жаңа толған жасөспірімнің кеудесін ашу кернеді. Ызалана жұдырығын түйді.

– Мен саған айтпадым ба? Байларда ұят жоқ деп.

– Мен оның ұятына қызыққан жоқпын, ақшасына қызықтым. Өзің ойлашы пәтерді, жиһазды, саған компьютерді ол болмаса, кім алып береді?!

– Ол сені ұнатпаймын, үйленемін деп уәде берген жоқ па?

– Біздейлер күйеуге ұнатқаны үшін шықпайды. Кімнің қалтасы қалың соған шығады.

– Баласын не істейді?

– Балаға қарасып тұрам деп уәде берді.

– Бұл да сені алдаудың бір түрі.

– Мүмкін.

Қыз жатын бөлмесіне кіріп, есігін жауып алды.

«Қорлық. Бұл қорлықты көргеннен өлген артық. Ол сұмырайды өлтіремін» деп ойлаған Роллан киімдерін жүре киіп, сыртқа шықты. Сол бетімен авто-

бусқа отырып, Андрейдің үйіне жетті.

– Андрей, мотоциклің жүре ме?

– Жүреді. Түн ішінде қайда барамыз?

– Артынан айтып түсіндіремін.

Апасын талай іздеп барған саяжайды табу қиынға түспеді. Қызыл кірпіштен қаланған дуалдан ішке үңілген олар банкирдің мерседесінің аулада тұрғанын көрді де, ішке ырғып түсті. Саяжайдың есігі құлыптаулы екенін көрген соң, өздері кіріп, талай тамақтанып, керегін алып кететін арт жақтағы терезеден ішке секірді. Астыңғы бөлмелерде ешкімнің жоғына көз жеткізген Андрей екіінші қабатқа көтерілді. Жартылай ашық есікке қол фонарының жарығын түсірді де.

– Жезден ұйықтап жатыр, – деді.

– Қазір оятамыз.

– Қайтесің, ұйықтай берсін. Тамаққа тойып алайық. Арақ-шараптың неше түрі бар. Аңада жеген қара уылдырықтың дәмі әлі таңдаймынан кеткен жоқ.

– Айуан, ол менің апамды мазақ етті.

– Ты что?!

– Шын айтамын. Мен кегімді алу үшін келдім.

– Ол оянса, екеуімізді де далаға лақтырады ғой.

– Сондықтан оянбай тұрып, қимылдау керек.

Андрей қол фонарын банкирдің бетіне түсірді.

– Өзі тірі ме, қозғалмайды ғой?

– Қасына барайық.

– Жансыз сияқты. Жарық жақсақ қайтеді.

– Оянып кетсе, әл бермейді ғой.

Есік алдындағы жылтылдаған су жаңа қара мерседесті көргеннен есі кеткен Андрей Ролланның «кек алу» деген қыжылын кеудесіне түйіп, оның дірілдеген қолынан қысып ұстады да:

– Балақай, мұндайда батыл болмаса болмайды. Мына таблетканы жұтып жіберсең, алдыңдағы арыстаннан да қорықпай, ақырып шыға келетін боласың, – деп, алақанына таблетканы тықты.

– Бұл не?!

– Айттым ғой, қорықпайтын боласың.

Бала таңдайына салды да, жұтып жіберді. Сәлден соң басы айналғандай болды да, артынан не істеп, не қойғанын білмейтін есалаң күйге түсті. Андрейге де керекі сол.

Сол бойы шалажансар жатқан банкирдің тамырын ұстап көрді де, қалта-

сынан есірткі толы инені шығарып, тамырынан айдап жіберіп:

Прошай, Батя! – деп, қарнынан сипады.

Қара мерседестің кілтін алып, үйді ақтарып жүріп бірталай ақшаны сөмкеге салды. Сосын сағатқа қарады. Түнгі үш. Нағыз қимылдайтын уақыт. Саяжайдағылар шырты ұйқыда. Енді мына күшіктен құтылса, қара мерседеске отырып алып, Ресейге тартады. Андрей ас үйдегі бар тамақты машинаның артқы жүк салатынына толтырды. Есірткі таблеткасынан кейін ұйықтап кеткен баланы артқы орындыққа тастай салды. Көнігі қылмыскер банкирдің жансыз денесін қозғап көрді де, қылмыстың ізін жасыру үшін, бассейнің ішіне ауыр денені домалата салды. Іштей «мұны бізге дейін біреулер у беріп, өліміміз еткен. Сондықтан оның өлімінің ашылуы екі талай нәрсе. Егер бүгін түнде шекара асып кетсем, құйрығымды ұстатпас едім. Ал ана бокмұрынды мотоциклге байлап, сая-

жанды іздесе таптырмайтын қазынаға айналғалы қашан. Ол зейнетке шыққан соң, көп қабатты үйдегі пәтерін жеке үйге айырбастап, соның жанындағы 6 сотық жерге бау-бақша өсіріп, соны ермек етумен күнін өткізуде.

Өзінің ескертпей, келе қалғанына қысылған полковник:

– Кешіріңіз, сізді көрсем деген ой көптен мазалап жүрген. Соның сәті бүгін түсті. Мына бір сыйлығымды қабыл алыңыз. Ол «Қазақстан» коньягін үстел үстіне қойды.

Генералдың жүзіне жылылық ұялады:

– Шетелдік виски әкелмей, өзіміздің үйренген жауымызды әкелгенін ұнап тұр. Мұны жалғыз ішсем, ауырып қалам. Екеулеп қаулап көрейік. Сосын келген бұйымтайыңды да айта отырарсың.

Ол жедел тұрып, қабырғадағы ыдыс-аяқ тұрған жәшіктен екі рюмка алып, ас үйіне жакка:

– Қонаққа тіске басар әкеліндер, – деп дауыстады.

Үй қызметшісі үстел үстін тағамдармен толтыра бастады.

– Демалысыңыз қалай?

– Қалай болғанда да, қайтадан қызметке алмайсындар ғой. Тіпті сіздің осы келісіңіздің өзі маған қатты әсер етуде. Күркіреген күн өткен соң, тұнжыраған түн келеді деген, өткен күнді қанша аңсағанмен, оның ауылы алыс. Кейде таң атып, күн батпайды. Бұл әркімнің басына түсетін көріліктің зауалы.

– Иә, сіздің айтып отырған ауылыңыз бізге де алыс емес.

– Дегенмен, қызметке кіріскенің жөн болған. Әлі жасыңдар ғой, – деген генерал екі рюмкеге толтыра коньяк құйды.

– Ал айта бер, құлағым сенде.

– Бұдан біраз бұрын қаладағы екінші дәрежелі банктің президентін саяжайында өлтіріп кетті.

– Естідім.

– Соның қолтаңбасы кімге тән деп ойлайсыз, сіздің пікіріңізді білгім келеді.

– Мәссаған. Бұрынғы қылмыс пен қазіргінің айырмашылығы жер мен көктей. Қазір қоғамдық құрылыс өзгеше, демек, қылмыстың жасалу жолы мен амалдары да өзгеше. Адам уақытқа тәуелді.

– Бұл қылмыста бірнеше әрекеттердің ізі бар. Сіздің тәжірибенізде сондай кездесті ме?

– Неге кездеспесін. Бір күнде бір адамға бірнеше рет қастандық жасалуы, бір адамның бірнеше адамды бір түнде өлтіруі – бұрыннан келе жатқан қылмыстың түрлері. Мен сізге біреуін айтып берейін, бір түрмеден шыққан тас жүрек бір түнде әйелін екі баласын өлтірді. Қылмысты жасағанда әйелін алдап далаға алып шығып, зорлап, сосын басын кесекпен жарып өлтіріп, үйіне оралып, балаларын буындырып өлтірген. Ес-ақылы дүп-дұрыс.

– Банкирдің өлімінде де, қатыгез қылмыскердің қолының ізі бар. Оған қоса көңілдегіне арнаған ұды ішіп қойып, уланады. Сол уланған күйінде саяжайда жатқанда, менің болжамымша, оған тағы біреулер қастандық жасаған. Олар кімдер, соның ізіне түсе алмай отырмыз.

– Несі бар, барлығы бір адамның ісі болуы да мүмкін. Тіпті кездейсоқ оқиғалардың қиылысып қалуы да ғажап емес. Өмірде бәрі болады. Адам ойы жетпейтін қат-қабаттардың қалтарысында кісі өлімі бола береді.

– Бізге қолбайлау болып тұрған жағдай, оның бірнеше көңілдегі, оған, қоса заңды әйелі, оған қоса қызметтік бақталастары жеткілікті. Сол себепті, оның ажалының кімнің қолынан болғанын бал ашып білмесек, басқалай болжам жасау қиынға соғуға.

Зияш ТЕЛЕУОВА

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана
Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы
Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы
Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы
Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы
Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6545 дана
Апталық таралым 13090 дана

Тапсырыс №10 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31